

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
БІЛМ ЖӘНЕ ФЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
ПАВЛОДАР УНИВЕРСИТЕТІ

«Биология» кафедрасы

Тақырыбы: «Ертіс өңірдегі табиғи орта  
экологиясына баға беру»

510850 «Биология»

Биология магистрының академиялық дәрежесіне арналған  
диссертация.

Орындаған: Калиева К. Т.

  
«Биология» кафедрасының  
менгерушісі: Химич Г.З.

Корғауға жіберілді:   
*2005 жыл 29 сәуір*

Фылыми жетекшісі :

а. ш. ғ. к., профессор

Төлеубаев Б.Ә. 

Павлодар қаласы

2005жыл.

## РЕФЕРАТ

Жұмыс кіріспеден, 3 тараудан, тұжырымдамадан, колданылған және үсынылған әдебиеттер тізімінен, қосымша материалдардан тұрады.

Жұмыстың негізгі мақсаты ретінде Ертіс өніріндегі табиғи ортаның көзірті қездегі экологиялық күйіне баға беріп, қажетті шараларды үйімдастыру жолдарын үсыну.

Аталған мақсатқа орай жұмыстың негізгі міндеттері төменделгідей:

- ғылыми-практикалық нәтижелерді талдау арқылы экология ғылымының мәні мен мағынасына теренірек үнілу;
- экологиялық жүйелердің даму тұрактылығы мен динамикалық қалыптылығын сактау механизмдерін анықтау;
- биосфера компоненттерінің экологиялық функцияларын талдау арқылы олардың табиғи ортадағы орны мен күйін бағалау;
- өсімдік-топырақ қабаты және сулы экологиялық жүйелердің ластануы мен деградацияға ұшырауының себеп-салдарын накты жыныспаралық мәліметтерге сүйену негізінде анықтау және өндіріске қажетті үсыныс-шараларды нұсқау;

Жұмыс барысында көзделген мақсатты жүзеге асыру үшін келесі едістер колданылды

1. Өсімдіктің ауысым ерекшеліктерін зерттеу үшін кеңінен танымал экологиялық профиль салу әдісі;
2. Өсімдіктер арқылы табиғи ортаның экологиялық күйін бағалау үшін стандартты экологиялық шәкілдер пайдаланылады;
3. Ертіс орта өніріндегі өсімдіктер қауымдастырын зерттеу үшін бұғаналы аумакша белгілеу әдісі;

Жұмыс нәтижесі Ертіс орта өніріндегі табиғи орта компоненттеріне экологиялық баға берудің алғашқы кадамдары коршаған ортаның көзірті қозғандегі ластануы күрделі екендігіне және жан-жақты терен зерттеудің қажеттілігіне көз жеткізді.

## МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	4
<b>1-тарау.</b> Биосфера мен тірі организмдер жайлы негізгі түсініктер.....	11
1.1. Биосфераның динамикалық тұрақтылығы туралы.....	12
1.2. Топырақ қабатының экологиялық ортадағы функциялары.....	20
<b>2-тарау.</b> Сулы жүйелердің экологиялық ерекшеліктері.....	28
2.1. Сулы экожүйенің ластануы.....	30
2.2. Ертіс су алабының ластану сипаты.....	35
<b>3-тарау.</b> Топырақ-өсімдік қабатының экологиялық күйіне баға беру мүмкіндіктері.....	49
3.1. топырақ қабатының ластануы.....	50
3.2. Ертіс өңіріндегі өсімдік-топырақ қабатының экологиялық күйі...	55
4. Корытынды.....	81
5. Пайдаланылған және ұсынылған әдебиттер.....	83
6. Қосымшалар .....	85

## **Kipіспе.**

### **Жұмыстың өзектілігі:**

Қайта өрлеу дәуірі биологиялық, жалпы жаратылыстану ғылымдары үшін қолайлы кезең болды. Өсімдіктердің, жан-жануарлардың белгілі бір ортаға бейімделуі, жерсінү ерекшеліктері сияқты экологиялық ой-тұжырымдар осы кезеңдеңі ғылыми ортада өз орындарын тауып жатты. Мәселен, танымал ағылшын ғалымы Р.Бойльдің экологиялық жағдайларға байланысты алғашқы тәжірибелері осы тұста дүниеге келген. Қоршаған ортадағы тірі және жансыз құрауыштардың өзара тығыз байланыста болатындығын атақты орыс ғалымы М.В.Ломоносов “Жер қыртысы туралы” еңбегін де айтқан болатын. Ол табиғаттағы өзгерістердің бәрі өсімдіктер мен жануарлар әлемінің тіршілік әрекетінен әрі солардың тікелей қатысуының нәтижесінен деп санаған.

XVIII ғасырдың аяқ кезеңінен бастап табиғи ортаны зерттеушілер қатары күрт өсті. Олардың еңбектерінде экология ғылымының элементтері де орын ала бастады. Осы саладағы ғылымдар ботаникалық-географиялық сипатта дамыды. Өсімдіктер экологиясының негізін қалау құрметі биолог А. Гумбольдттың еншісіне тиғені көпшілікке мәлім. Оның “Өсімдіктердің географиясы туралы ойлар” атты еңбегі эколог-географтар үшін ғылыми жазба әдебиетінің тұнғышы болып табылады.

Бертін келе аталмыш ой-пікірлер орыс ғалымдары А.Н.Бекетовтың, К.Ф.Рульєнің, Н.А.Северцевтың еңбектерінде жетіле тұсті. Экология ғылымының қалыптасуына атақты орыс ғалымдары В.В.Докучаевтың, В.И.Вернадскийдің, В.Н.Сукачевтың, Н.Ф.Реймерстың қосқан үлестері өте мол. Кезінде ұлы ағылшын ғалымы Ч.Дарвиннің эволюциялық ілімі экологиялық ережелерге негіз болды десек қателеспейміз.

Қазақ анызында айтылатын жарғақ құлағы жастыққа тимей желмаямен бірге жер кезіп, елге жайлы, қолайлы коныс-жер ұйығын іздеген Асан қайғы бабамыздың казакияны ерсілі-қарсылы аралап, әр мекенге сай, әрқиылды баға берген ғой. Арман қуған көріпкел – абыз Асан-атаның сын сөздері мен терен ойлы тамаша толғаулары бүгін де соншалықты мәнді, ғибратты дүниетаным деп білеміз. Өйткені, адамзаттың табиғатқа зәрулігі күн санап ұлғайып келеді. Біз ең алдымен табиғат перзенті екенімізді, қоршаған ортаға тигізетін зәредей зардал өзімізге сан еселей қайтатынын санаға толығырақ, берік сініруге тиістіміз.

Міне, осындай ой-ниетпен шама келгенше биоэкологиялық талдама әрі зерттеу жұмыстарын жүргізу мақсатында қолға алған аймағымыз Ертіс

өніріндегі табиғи орта болатын. Ол бүгінгі таңда экологиялық хал-ахуалы күрделенген еліміздің ірі экономикалық мекені саналады. Кезінде гүлшешекке оранған жасыл белді жазық даласы, жағасында жайқалып өсken құрағы, елдін еркін емген бұлағы болған арынды Ертіс өзенінің оң және сол жақ қапталын қамтыған бұл табиғи ортаның негізгі компоненттерінің мән-мағынасын, бүгінгі күйін, энергетикалық әлеуетін және ластану немесе бұліну деңгейін зерттеудің маңызы зор екендігі сөзсіз.

Еліміздегі басты су артериясы саналатын “Ертіс өзені” сүйнін, аймақтағы басқа да су көздерінің сапасына баға беру еліміздегі “Ауыз су” бағдарламасымен ұштасты. Ластану салдарынан Павлодар облысының біршама аймақтарындағы ауыз сүйнің сапасы бірнеше көрсеткіштер бойынша республикалық стандартқа сай емес. Мысалға, Май ауданының су көздерінен алынған су үлгілерінің 15%-ында су бактериялық жолмен ластанған болса, Ақсу қаласында химиялық көрсеткіштер бойынша судың 5%-ы стандарт талабына сай келмеген, ал жалпы облыстың су құбырларынан алынған су үлгілерінің 10%-ында тіпті судың құрамы стандартқа сай болмаған.

Экологиялық түрғыдан “ауыр” аймаққа жақын орналасқан мекендердің су көздерін бағалау аса құнды. Сондай-ақ, жайылымдық, шабындықтық және егістік жерлердің негізгі байлығы топырак қабатының макро - және микроэлементтік құрамын, яғни ауыр металдармен және радиоактивті заттармен ластану мүмкіндіктерін зерттеу мәселесінің қай уақытта болмасын өзектілігі өте жоғары.

### **Жұмыстың мақсаты мен міндеттері:**

Жалпы биосфера мен экожүйелер жайлыш және олардың негізгі компоненттері туралы жинақталған мәліметтер мен зерттеу нәтижелерін бір жүйеге толтастыру арқылы Ертіс өніріндегі табиғи ортаның қазіргі кездегі экологиялық күйіне баға беру және қажетті шараларды ұйымдастыру жолдарын ұсынуды жұмыстың басты мақсаты ретінде қабылдады.

Аталған мақсатқа орай жұмыстың негізгі міндеттері төмендегідей болды:

- экологиялық ой-тұжырымдар тарихына көз жүгіртіп, қазіргі таңда қол жеткізген ғылыми-практикалық нәтижелерді талдау арқылы экология ғылымының мәні мен мағынасына тереңірек үнілу;

- биосфера компоненттері және тірі организмдер арасындағы қарым-қатынастар мен байланыстылықты терең екшелеу арқылы экологиялық жүйелердің даму тұрақтылығы мен динамикалық қалыптылығын сақтау механизмдерін анықтау;
- биосфера компоненттерінің экологиялық функцияларын талдау арқылы олардың табиғи ортадағы орны мен күйін бағалау;
- өсімдік-топырақ қабаты және сулы экологиялық жүйелердің ластануы мен деградацияға ұшырауының себеп-салдарын нақты эксперименталдық мәліметтерге сүйену негізінде анықтау және өндіріске жақетті ұсыныс-шараларды нұсқау;

### **Жұмыстың әдістемелік негіздері:**

Өсімдік қауымдастыры мен түрлерін және олардың ауысымын зерттеу әдістері ертеден белгілі (мысалға, Сукачев, 1950; Лавренко, 1959; Александрова, 1964 және т.б.). Алайда, өзен антарындағы далалық аймақтарды мекендейген ландшафттардың табиғи жағдайлары мен өсімдіктер ауысымы ерекшеліктерінің антропогендік ықпал әсерінен өзгеріске ұшырайтындығы олардың зерттеу әдістемелеріне белгілі бір дәрежеде түзетулер енгізууді қажетсінеді.

Өсімдіктердің ауысым ерекшеліктерін зерттеу үшін кеңінен танымал экологиялық профиль салу әдісі қолданылды. Экологиялық профильдер біркелкі өсімдіктер қабаты қалыптасқан телімдерде салынады. Олар сол зерттелетін аумақтың барша геоморфологиялық элементтерін қамтуға тиіс. Сондай-ақ, профильдің рельефін анықтау үшін нивелирлеу ісі орындалады.

Өсімдіктер арқылы табиғи ортаның экологиялық күйін бағалау мақсатында стандартты экологиялық шәкілдер пайдаланылады. Сөйтіп, геоботаникалық профильді нақты экологиялық профильге айналдыруға болады. Ол үшін геоботаникалық профиль салу кезінде әрбір кездескен фитоценозға арналған стандартты шәкілдің өзіндік сатыларын анықтау қажет. Осыдан келіп, геоботаникалық профильдің үстіне топырақтағы ылғалдылық, құнарлылық және тұздылық жағдайларының өзгеруін сипаттайтын сыйбанұсқасы салынады. Сонымен бірге геоботаникалық профильде сол жердің рельефіндегі және өсімдіктері мен топырағындағы өзгерістер де бейнеленеді. Сондай-ақ, туралай әсер етуші экологиялық факторлардың стандартты шәкіл сатыларымен бағаланған өзгерістері де профильде өз орындарын табуға тиісті. Баршамыз аңғарғандай, мұндай

экологиялық профиль құру әдістемесі салыстырмалы түрде өте қарапайым әрі дәлділігімен ерекшеленеді.

Ертіс орта өніріндегі өсімдіктер қауымдастырын зерттеуде колданылған әдістің тағы бірі - бұғаналы аумақша белгілеу болатын. Бұл әдістеме өзен аңғарындағы белгілі бір алқапқа тән өсімдіктер қабатын бірнеше қайтара картага түсіру арқылы оның динамикалық заңдылықтарын зерттеуге мүмкіндік туғызады. Сөйтіп, тез әрі күрт өзгеріп жатқан экологиялық жағдайлардың немесе факторлардың өсімдіктер қабатына, әсіресе оның даму динамикасына ықпалын нақты әрі болжамды түрде бағалауға қол жеткізуге болады. Бұғаналы аумақшада фитоценоздардың кеңістікте таралу ерекшеліктері, өсімдіктердің экологиялы-динамикалық катарлары, олардың белгілі бір рельеф элементтеріне ынғайлана өсу жағдайлары сияқты көрсеткіштері анықталып, зерттеледі. Нәтижесінде өсімдік-топырақ қабатының орта масштабы картасының аңызын жасауға негіз болатын фитоценоздар классификациясы құрастырылады.

Бұғаналы аумақшаның өлшемді аумағы өсімдіктер қабатының күрделілігіне және картага түсіру масштабына байланысты алынады. Өсімдіктер қабаты неғұрлым әртүрлі әрі күрделі болған сайын ең басты заңдылықтарын анықтау үшін оның аумағының үлкенірек болғаны қолайлы.

Картага түсіру жұмысы өсімдіктердің кеңістіктегі ерекшеліктеріне байланысты белгіленген аймақта «профиль- адымдық жүріс» әдісімен орындалады. Сөйтіп, профиль салынғанда өсімдіктердің барлық контуры қамтылуға тиіс. Өсімдіктер қабатының күрделенген тұстарында профильдегі оның торы қоюлана түседі. Өсімдіктер контурының шекараларын нақты белгілеу үшін параллель жүріс жүйесі бір мезгілде атқарылады.

Бұғаналы аумақшалардың саны сол аймақтың зерттелулі деңгейіне, сондай-ақ табиғи жағдайлары мен өсімдік қабатының күрделілігіне байланысты анықталады.

Табиғи орта компоненттерінің үлгілерін дұрыс ала білу мен оларды аналитикалық зертханаға мүқият дайындау істерін экологиялық зерттеу жұмыстарының алғашқы сатылары ретінде қабылдаған жөн. Өсімдіктер қабатының шалғынды-жайылымдық және экологиялық бағаларын беруде олардың сандық және сапалық құрамы мен доминантты түрлерінің

биоморфологиялық, физиологиялық және тағы басқа ерекшеліктерінің көрсеткіштерін, сондай-ақ биологиялық өнімділігін анықтаудың маңызы зор. Осы мақсатта ұйымдастырылған экспедициялық зерттеу жұмыстарында гербарий материалдарын жинау, өсімдік түрлерінің әрқылылығын анықтау, басты тұқымдастардың флоралық спектрлерін белгілеу сияқты істер қамтылады. Бұл тұста ерекше ескеретін жағдайлар техногенді ландшафттылардың қалыптасуы мен интродаймақтық өсімдіктердің зерттелініп отырған өсімдіктер қабатынан орын алуды қоршаған органдың экологиялық күйіне, әсіресе техногенді фактордың әсеріне байланысты екендігін дәлелдеу. Өйткені, жоғарыда айтылған көрсеткіштер арқылы осы аймақтың флора құрамы, өсімдіктер қауымдастырының ерекшеліктері мен өсімдіктер ауысымы анықталады. Ал олардың басты себептері экологиялық фактордың әсері екендігі даусыз.

### **Жұмыстың ғылыми жаңалығы мен практикалық құндылығы:**

- Ертіс өнірінің табиги орта ерекшеліктерін анықтау үшін ілімдік тұрғыдан биосфера компоненттерінің құрылымдық, функциялық, экологиялық күйлері талданды, олардың төзімділігі мен тұрақтылығын, қарым-қатынасы мен байланыстылығын анықтайтын жағдайлары және факторлары белгіленді;
- Ертіс орта аймағындағы су көздерінің экологиялық жағдайлары, судың ауыр металдармен ластану сипаты мен өзен суының биологиялық сапасы, әрқылы зиянды ингредиенттердің ауыз судағы мөлшері бағаланды. Сондай-ақ, ядролық полигон аймағындағы су көздерінің гидробиологиялық сапасы арқылы оның ластану дәрежесі мен сол аймаққа жақын орналасқан ауыз су көздерінің сапасы анықталды;
- Өсімдік-топырақ қабатының биоэкологиялық жағдайлары егжей-тегжейлі қарастырылып, Ертіс орта өніріндегі олардың экологиялық күйі біршама жаңа мәліметтермен толықтырылды, әсіресе ылғалдану факторына байланысты шалғынды жерлердегі өсімдіктер құрамының өзгеруі мен шығымдылығы сияқты агробиологиялық құбылыстардың сырьы біршама шешілгендей болды;
- Бұрынғы Семей ядролық сынақ полигонындағы өсімдік-топырақ қабатының радиоактивті заттармен ластану ерекшеліктері қарастырылды, өсімдіктердің генеративті мүшесіндегі морфобиологиялық көрсеткіштердің

сипаты айқындалды. Сондай-ақ, өсімдік-топырақ қабатының радиоактивті заттармен қайталай ластану құбылысы тереңірек талданды;

- Зерттеу жұмыстарының нәтижелері экологиялық түрғыда ауыл шаруашылығы (объектілерінің) саяқтарының небір бұзылыстарға, ластануының және әргүрлі өзгерістерге түсінің себеп-салдарын анықтау арқылы агротехникалық және басқа да технологиялық шараларды ұйымдастыру мүмкіндігін туғызары анықталғандай болды.

### **Жұмыстың қорғауға ұсынылатын жағдайлары:**

Табиғи орта компоненттерінің сыртқы орта факторларына төзімділігі мен даму тұрақтылығына олардың әсер-ықпалын ілімдік түрғыда анықтау арқылы Ертіс орта өңіріндегі шалғындық-жайылымдық жерлердің бүгінгі экологиялық қүйін бағалау нәтижелерін талқылау және сараптау ғылыми орта назарына іліктіру болатын.

Зерттеу жұмыстары жүргізілген аймақ-негізінен Ертіс өзенінің орта өңіріндегі су көздері, табиғи шалғындар мен жайылымдық жерлер, бұрынғы Семей ядролық сынақ полигонының тәжірибелік аландары болды. Компонент үлгілері еліміздің Ұлттық ядролық орталығына қарасты Радиациялық қауіпсіздік және экология институтының зертханасында талданудан өтті.

### **Жұмыс нәтижелерінің апробациясы:**

Павлодар қаласында өткен (2004 ж.) “Білім берудегі ұйымдастыру сапасының жүйесіндегі ИСО: 9000 сериялы стандарттарын қолданудың проблемелары мен болашағы” атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясында баяндалды. Астана қаласында (2004 ж.) “Бүгінгі таңдағы жас ғалымдардың ғылыми-зерттеу проблемалары” атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясына “Биоэкожүйенің техногенді заттармен ластануы” тақырыбы бойынша баяндама ұсынылды, сондай-ақ ПаУ жаршысының 2004 ж. №4 (18) “Табиғи ортаны химиялық заттармен ластаудың биоэкологиялық бағасы” атты тақырыпта мақала жарияланды.

### **Жұмыстың мөлшері мен құрылымы:**

Жұмыс кіріспеден, 4 тараудан, тұжырымдамадан, қолданылған және ұсынылған әдебиеттер тізімінен, қосымша материалдардан және экологиялық глоссарий мен кейбір жанаша атаулардың орысша түсінігі берілген қысқаша сөздіктен тұрады. Жұмыстың жалпы көлемі 76 беттен тұрады.

**1-тарау. Биосфера мен тірі организмдер жайлы негізгі экологиялық ой-түсініктер.**

“Биосфера мен адамзат” проблемалары жаратылыстану ғылымы саласында негізінен биосфера іліміне сүйенеді. Сонымен қатар, бұгінгі таңда табиғи ортадағы тірі организмдер бірлестігінің эволюциясы экология мен биогеоценология сияқты ғылым салаларының үлесінде екені белгілі. Бұл ғылым салаларының практикалық құндылығы биосфера тарапынан “жаяп қайтаратын” іс-әрекеттерін басқа салалармен салыстырғанда көбірек сезінетін денсаулық сақтау саласы, ауыл шаруашылығы және тағам кәсібімен айналысатын шаруашылықтар үшін өте маңызды.

“Қоғам – табиғат” жүйесіндегі негізгі қарым-қатынас қоғамдық өндіріске тәуелді. Табиғат – адам енбекін жүзеге асыру алаңы болып табылады. Адам баласының табиғаттағы іс-әрекеті әрдайым саналы тірлікке қол жеткізе бермейді. Кейбір кезде белгілі бір мақсатқа жетуі табиғатқа тіпті нұскан келтіру арқылы жүзеге асады.

Биосфера дағы тіршілік бейнесі биогеоценоз немесе экожүйенің динамикалық дамуы арқылы анықталады. Мекендік ортасына сай тірі организмдер әртүрлі экологиялық факторлар әсерінің ықпалында болады.

Адам баласының табиғи экожүйенің функцияларына ретсіз араласуы өз тіршілігі үшін қауіп-катель туғызады. Тіршілік ортасын индустріяландыру, урбанизациялау, механикаландыру, химияландыру нәтижелері биогеоценоздағы экологиялық өзгерістердің пайда болуымен үштасуы ықтимал. Биосфера компоненттерінің (ая, су, топырақ) ластануы, психоэмоционалды күйзелістің күшеюі адам денсаулығы үшін зиянды жағдайлардың туындауына мүмкіндік туғызыры баршаға аян.

Өкінішке орай, адамның табиғатты қорғау мен қоршаған ортанды сақтау мәселелері тәнірекінде жасап жатқан іс-әрекеттерінде сөз беріліп, арасындағы алшақтық көп болып түр.

### **1.1.Биосфераның динамикалық тұрақтылығы туралы.**

Биосфераның құрылымдық бірліктерінің салыстырмалы тұрақтылығы зат пен энергия айналымына байланысты үздіксіз әралуан процестерді қамтиды.

Популяция, биоценоз, экожүйе және биосфера сиякты тірі организмдердің ұйымдық деңгейлеріне ортақ қасиет олардың динамизмі болып табылады.

Егер Жер жағанды сырттан энергия келмейтін тұйық жүйе ретінде қабылдасақ ішкі энергия қорының біртіндеп азаюына байланысты, ертелікеш бұл жүйе мұлдем жойылар еді. Әлбетте, жоғары дәрежелі құрылымдар кездесе қасиеттерге ие төмен дәрежелі құрылымдарға жіктеледі. Осыған орай, жүйенің ішкі ретсіздік белгісі - энтропия өсе түседі.

Бұл заңдылық классикалық термодинамикада көрініс тапқан. Осы ережеге бой ұрсақ бізді қоршаған әлемді “біркелкі болашақ” күтіп тұрған сиякты, ал кейбір пессимистік көзкарас бойынша ұйымдастырылған реттіліктің болмауынан қоршаған әлемде хаотикалық бейберекет күйдің болуы да ғажап емес.

Органикалық әлем эволюциясының ілімінде биосфера тепе-тендіксіз жағдайдағы және қоршаған ортамен зат, энергия, әрі ақпарат алмасуы бар ашық биологиялық жүйе ретінде қарастырылған.

Ашық жүйенің жабық жүйеден айырмашылығы дербес өзіндік құрылым құруға тырысуында. Ашық жүйе термодинамикасы энтропиялық құбылыстың өрбүі байқалатын тепе-тендіксіз процестермен тығыз байланысты.

Ретсіздік немесе энтропия өсуі жиі байқалатын ашық жүйені - диссипативті деп атайды. Сондай-ақ ашық жүйелер жайлы термодинамикалық ілімді синергетика деп атау ұсынылған.

Ашық және жабық биологиялық жүйе ілімдерінің дамуына зор үлес қосу орыс ғалымы И.Р.Пригожиннің үлесіне тиеді. Оның пікірі бойынша, тұйық жүйе физикалық Жер жағаның азғана үлесін қамтиды. Жүйелердің көпшілігі, соның ішінде географиялық және экологиялық жүйелер - әлбетте ашық жүйеге жатады. Ашық жүйеге тән негізгі заңдылық бойынша осы жүйеге “кірердегі” болар - болмас дабылдың жүйеден “шығарда” бірталай ауыр сипатқа ие болуында.

Ашық биологиялық жүйе ұдайы өзгерісте болады, яғни уақытша флюктуация жиі байқалады. Кей жағдайда, осы флюктуациялардың немесе комбинациялардың соншалықты күшті болуы бұрынғы экожүйе құрылымдарын өзгертуі ықтимал. Ашық жүйенің оқыстап бұзылу сәтін

биfurкация нұктесі деп атайды. Бұл кезеңде экожүйе дамуы қандай бағытта жүретінін, яғни жүйе сақтала ма, әлде сапасы жаңа жоғары деңгейлі құрылымға айнала ма, оны дөп басып алдын-ала болжау мүмкін емес.

Тірі материяның бейорганикалық түзілістен айырмашылығы тек оның қурделі құрылымында ғана емес, сонымен қатар қоршаған ортадан өзінің дербес дамуы мен сақталынуына қажетті энергияны “тартып алу” қабілетінің болуында екен. Биосфера синергетикасы (өзара әрекеттердің келісімділігі) өздігінен дербес құрылым жасау қабілетіне сәйкес оқыстан калыпқа келу мүмкіндіктерін де қарастырады.

Тірі материяның дербес дамуы мен сақталуы тек өзіне ғана тән төмендегідей қасиеттеріне байланысты жүзеге асады:

- көбею, даму және тіршілік ету кезінде қоршаған кеңістіктен өзіне қажетті энергияны ала білу қабілеті;
- коректік ортада күрт көбею, ретсіздіктің өсуіне тоқтам жасауға бос энергияны жұмсау мүмкіндігі;
- қоршаған ортадағы бос энергияны тірі организмдер құрылымы мен олардың тұқым қуалаушылығы жайлы акпаратты сақтау үшін қолдануы;

Биосфераның тұрақтылығы жайлы қазіргі уақыттағы көзқарас бойынша, тірі материя биосфераның берік күйін сақтауға қажет негізгі қозғаушы күші болып табылады.

Биосферадағы тірі организмдер Жердің сыртқы кабығына тигізер “қысымын” бүгінде жалғастыруда және қысым көлемі тіпті артып отыр. Ашық жүйелер ілімі бойынша антропогенді факторлар биосфера деструкциясын күштейтеді, тіпті флюктуациялық деструкцияға жеткізеді. Олай болса, “қоғам - табиғат” жүйесі биfurкация нұктесіне жеткен жағдайда қайта құрылуы мүмкін.

Биосфера әрдайым дербес дамуға, сондай-ақ негативті, деструктивті әсерлерге қарсы тұруға тырысады. Бұл қазіргі кездегі аса өзекті мәселе. Биосфераның тұрақты жағдайда болуын қамтамасыз етуші қозғаушы күш тек тірі материяға қатысты қасиеттер болып табылады. Олар негізінен түрлердің алуан түрлілігі, популяция динамикасы, тіршілік стратегиясы және адаптациясы, экологиялық құыстар, сукцессия жынтығы, биотикалық айналымы сиякты қасиеттермен белгіленеді (көрінеді).

*Түрлердің алуан түрлілігі* әртүрлі экожүйе биоценозын құрайтын әрі көптеген трофикалық тізбек түзуші тірі организмдердің түрлік санына қарай ажыратылады.

Түрдің сандық мөлшеріне қарай құрылыштар арасында ең жұтан тобына артикалық және антарктидалық шөлдердің, биік таулы мұздықтар мен кейбір тундралардың биоценоздары жатады.

Ал су көздерінің биоценоздары арасында ультратұзды көлдер мен сортаң эстуария бірлестіктерін атаған жөн. Аталған биоценоздарда жануарлар мен өсімдіктер түрлерінің саны оннан артық болуы өте сирек кездеседі (микроорганизмдердің көптүрлілігін есептемегендеге). Ең бай биоценозға тропикалық белдеу құрылыштары мен сулы экожүйелер жатады. Онда түрлердің алуан түрлілігі соншалықты, тіпті шамамен 10000-нан астам түрін кездестіруге болады.

Түрлердің әртүрлілігіне қарай экожүйеге Ю. Одум төмендегідей аса ғажап талдау жасаған. Әртүрлілігі төмен деңгейдегі түрлер топтарына мыналар жатады:

- Антропогенді факторлар әсерінен абыржулы күйде болуы байқалатын немесе сырттан басым мөлшерде зат пен энергия қабылдауга мәжбүр болған экожүйелер (мысалы, ластанған өзендер мен шығанақтар).
- Адамның қатысуымен белсенді реттелетін экожүйелер (агробиоценоздар мен орман плантациясы).
- Ұдайы ауқымды мөлшерде энергия мен пайдалы заттар алатын экожүйе (су жағасына жақын аймақтар).

Табиғи экожүйелердің басым көпшілігіне жоғары деңгейдегі көптүрлілік тән. Оларға сырттан концерогенді энергия мен биогенді заттар түспейді. Бұлар күн сәулесінің энергиясымен тіршілік ететін, ұзын трофикалық тізбекке ие табиғи экожүйелер болып табылады (су айрықтары мен далалық аймақтар, шекаралас ормандар, ылғалды тропиктер).

Алынған мәліметтер бойынша, түр байлығы мен биоценоздар әртүрлілігінің қалыптасуы қоректік қорлар мөлшері мен оның сапасының өзгеруіне бейімделу нәтижесінде жүзеге асырылатыны анықталды.

Тұсетін биогенді элементтер мөлшері мен қоректік және энергетикалық қорлардың жеткілікті болуынан тұтынушы бірлестіктер қызмет артады. Бұл жағдайда төмен сатылды әртүрліліктің тиімділігі

байқалады. Экожүйенің әртүрлілігі төмен болуына қарамастан, женіл пайдаланылатын сыртқы энергия есебінен тіршілік ететіндер қоршаған ортаның әртүрлі қолайсыз факторларына төзімді келеді.

Корек пен энергия қорларының тапшылығы байқалған кезде экожүйе тұрақтылығын сақтау үшін қажетті затты және энергияны көптеген “альтернативті” жолдар арқылы қамтамасыз ете алатын жоғары деңгейдегі әртүрлілік басты шарт болып табылады.

Тірі организмдер мен қоршаған орта арасында үйлесімді қарым-қатынастың қалыптасуына қол жеткізу үшін өркениеттіліктің бірқалыпты дамуы биосфераның даму тұрақтылығына тәуелді екендігін адам баласы мойындаған кезде ғана мүмкін болар. Қоршаған ортаның биологиялық бірқалыпты дамуының негізгі қағидалары төмендегідей:

- Биосфера адам баласының тіршілігіне қажетті табиғи қорлар көзі мен өндіріс орындарынан шығатын қалдықтарды қабылдайтын ғана орта емес, ол ете күрделі жүйе, мұндағы биоталар қоршаған орта тұрақтылығын қамтамасыз етуші тіршілік фундаменті болып табылады;
- Биосфераның шектеулі шаруашылық сыйымдылығы болады, оның жоғары шегінен асып кеткен жағдайда биота мен қоршаған орта тұрақтылығы бұзылады;
- Экожүйе мен биосфераның шаруашылық сыйымдылығы шегінің аумағында ғана қоршаған ортаның бұзылуы толығымен (жедел түрде) қайта қалыптына келуінің жеңіл жүруі ықтимал, сейтіп биосфера тұрақтылығы сақталады, яғни оның дамуы Ле Шаталье қағидасына жүгінеді;
- Шаруашылық сыйымдылығынан асып кету құбылышы биотадағы Ле Шаталье қағидасының бұзылуына әкеледі, яғни заттың биотикалық айналым кезіндегі ажырауы күрт артады, экожүйедегі геохимиялық баланс ауытқиды, нәтижесінде қоршаған орта ластанады;
- Қоршаған ортаның бұзылуынан экологиялық қуыс трансформацияланады, соның салдарынан көптеген тірі организмдер түрлері мен популяциялары жойылады;
- Бұл тұрғыда адам баласының басты мәселесі тірі организмдердің табиғи қауымдастырының қайта қалыпқа келтіру арқылы биосферадағы шаруашылық сыйымдылығы деңгейін сақтау болып табылады, осындай

жағдайда ғана қоршаған орта трансформациясы тоқталады, сөйтіп биологиялық тұрақтылықтың қалыптасуына мүмкіндік туады;

- Адамзаттың өсу шегінің анықтаушысы ретінде де экожүйе мен биосфераның шаруашылық сыйымдылығы танылады, ал оның жоғарғы шегінің көрсеткіші ретінде антропогенді каналға 1%-дан астам биотаның (фотосинтездін) өнімін ауыстырылуы алынады. Бұл шектің бұзылуы қоршаған ортаны дестабилизацияға ұшыратады және адам геномының бұзылуына әкеп соктыруы мүмкін;
- Қоршаған ортаға төнген қауіптілік шегін дұрыс сезіну адам баласының өркениеттілікті сактау мақсатында биосфераның тұрақтылық механизмдерін пайдалануымен жүзеге асады.

“Топырақ -- ылғалдылық - өсімдік” тізбегі атты экологиялық триадада тірі мен өлі табиғаттың бірлігі айқын көрінеді. Атмосфера құрамының қалыптасуына, әсіресе, фотосинтез процесі нәтижесінде ауаның оттегімен байытылуы үшін өсімдіктің атқарар қызметі ерекше. Өз кезегінде, өсімдік топырақ қабатын қалдықтарымен жетілдіру арқылы топырақ түзу процесіне де өте қолайлы ықпал жасайды. Сондай-ақ, өсімдіктер топырақ қабатындағы ылғалдылық қорын тұрақтандыру, сактау мақсатында ерекше орын алады. Бұған шексіз ой тұғызар көптеген мысалдар да келтіруге болады.

Әткен ғасырдың 30-жылдары Америка Құрама Штатында (АҚШ) табиғи шалғындықтар мен жайылымдарды егістік алқаптарға айналдыру мақсатында көп жұмыс жасалған еді. Көпжылдық өсімдіктердің қуатты тамыр жүйесі біржылдық мәдени өсімдіктердің әлсіз тамыр жүйесімен ауыстырылды. Дара дақылдарды егу үшін, жерді жылда жырту нәтижесінде және қатарынан бірнеше жыл бойы құргақшылықтың болу салдарынан топырақ қабаты шан-тозаңға айналды. Көптеген дауыл мен құйындар фермер шаруашылықтарына қыншылықтар тудырып, көп зардап шектірді. Топырақ құйындары, тек өсімдіктер мен жануарлар қауымына ғана емес, сонымен қатар, қала тұрғындары үшін де көп қолайсыздық туғызды. Тіпті, сол штат тұрғындарын бірнеше жылға басқа аймакқа коныс аудару сияқты шаралар қолданылған.

Мұндай келеңсіз жағдайлар біздің елдің тарихында да кездеседі. Еліміздегі тың және тыңайған жерлерді игеру ісінің алғашқы кезендерінде жаппай жер жырту даламызды “же.1 эрозиясы” атты құбылыстың иесі

булына дұшар етті. Академиктер, Лениндік сыйлықтың лауреаттары А.И.Бараев, Э.Ф.Госсен, ғылым докторы М.Қ.Сүлейменов сынды ғалымдардың басшылығымен “егіс егудің топырақ қорғау жүйесі”, “көпжылдық шөптермен қамтылған парлар жүйесі” сияқты технологиялардың агротехникаға енгізілуі еліміздің ен байлығы даламызда ұдайы болып тұрар құйын қара дауылдарға тежеу салды. Дегенмен, Ә.О.Оспанов атындағы Топырактану институтының мәліметтері бойынша жер эрозиясының нәтижесінде 1 гектар егістік жер 636 кг азотты, 108 кг жылжымалы фосфорды, 105кг калийді жоғалтады екен. Жалпы, еліміздің топырақ құрамындағы қараширік (гумус) қоры 30%-ға азайған көрінеді. Міне, осындай шанды қара дауылдар (жылдамдығы 18-20 м/с) еліміздің көптеген аймақтарындағы, оның ішінде, әсіресе, Павлодар облысындағы егістік алқаптарға көп зиян келтірді. Айта кету керек, дүние жүзі бойынша жыл сайын 20 млн. гектар жер эрозияға ұшырап, шөлге айналып отыратын көрінеді. Осындай экологиялық құбылыс әсерінен жыл сайын Қызылорда облысындағы егістік жерлердің 10-15%-ы шөлге айналуда. Соның салдарынан Арал теңізінің төңірегіндегі жайылымдардың 20-25%-ы мұлдем жойылып кеткен.

Біріккен Ұлттар Ұйымының сарапшылары Қазақстан жерінің 66 % –ы, яғни 180 млн. гектар жер шөлрейтке айналғанын келтіріп, әлемдік деңгейде экологиялық қолайсыз аймакқа теңеп отыр.

Айта кетсек, бұғаңға таңда өз жерімізде 21 млрд. тонна өнеркәсіп қалдығы жинақталып қалған, соның ішінде 30 млн. тоннасы – радиоактивті қалдықтар. Мысалға, бір Павлодар облысының аумағында-ақ өндіріс қалдықтарының 36 санкцияланбаған үйінділері тіркелген, оның кәсіпорындар балансындағысы - 22, қалғандары жергілікті әкімшіліктер күзырында көрінеді. Ал енді осы минералды компоненттерді айырудың шығынсыз технологиясын жасауға отандық немесе шетелдік инвесторлардың әзірге мүмкіндігі бола қойған жоқ. Жоғарыда айтылғандай, табиғи қорлар қазіргі таңда жөн-жосықсыз игерілуде. Келешекте мұндай үнемсіздік басымдылығы шектелмесе үстіміздегі мынжылдықта, бұл табиғи қорлардың күрт азауы ғажап емес. Биосфера функциясына адамның “белсенді араласуы” нәтижесінде өмірге аса қажет су сапасының төмендеуіне, ауа құрамының бұзылуына және топырақ қабатының деградацияға ұшырауына қоғамдық ортамыз куә. Табиғи

корларға немқұрайлы қарау нәтижесінде, олардың қоры мен сапасы үшін зор қауіп төндіруі қазіргі таңда үлкен проблемаға айналып отыр. Бұгінде, адамдар топырақ, орман, табиғи қорлар мен ауыз су сапасы арасындағы байланыстарға аса назар аудара алмай отырғандығы көпшілікке белгілі. Біздің тіршілігіміз биосфера дағы экологиялық жағдайлардың қолайлы болуына тәуелді екендігін әлі де аса түсіне қоймаған сияқтымыз.

## **1.2. Топырақ қабатының экологиялық ортадағы функциялары.**

Топырақ - ғаламшардың өсімдік қабатын коректік затпен қамтамасыз етуші табиғи орта компоненті, ең бастысы оның тірі және өлі табиғатқа (В.И.Вернадскийдің пікірінше, бұл - биокости жүйе) қатысты қасиеттері бар. Ғаламшарымыздағы тіршілік басты екі процестен қуат алады: органикалық заттардың өндірілуі (фотосинтез) және топырақ қабатында оның сатылап ыдырауы.

Топырақ - әртүрлі биогеохимиялық заттар мен энергия түзу процестері өтетін күрделі биоэкологиялық жүйе. Ол - барлық элементтердің геохимиялық аккумуляторы іспеттес, олардың тұракты коректік заттар коры ретінде сакталуын және жұмсалуын қамтамасыз етеді. Физикалық және химиялық құбылыстардың ықпалына оның жоғары буферлі жағдайда болуы, топырақ қабатындағы тұрақтылық кепілі. Ол зат алмасу процесінің нәтижесінде табиғи құбылыстардан (су тасқыны, аяз, құргакшылық т.б.) туындаған шамадан тыс салмақ түскен жағдайларға төзе алатын, тұракты динамикалық жүйе саналады. Дегенмен, толассыз жер жырту мен пішен шабу, тынымсыз жайылым, ауыр техника қолдану, ағыл-тегіл тыңайытқыш шашу сияқты антропогенді факторларға өте сезімтал келеді.

Атмосфера мен гидросферада қоныстанушы (миграцияланушы) әртүрлі химиялық элементтердің аккумуляциялануы, әрі көптеген биохимиялық заттар мен энергияға айналу процестері өтетін литосфераның жоғарғы қабатындағы экологиялық орта - **топырақ**. Топырақ биосфера компоненті болғандықтан, климаттық және физикалы-химиялық факторлармен трофикалық әртүрлі деңгейдегі организмдердің өзара әрекеттесетін ортасы болып табылады.

Осыдан шамамен 100 жылдай уақыт бұрын, Ресейдің көрнекті ғалымы В.В.Докучаев топырақ түзуі тау жыныстары, климат және рельеф, сондай-ақ жануарлар, өсімдіктер мен микроорганизмдер сияқты бір қатар табиғи орта факторларының әртүрлі функциялары атқарылатын топыракты “табиғат денесі” ілімімен тұжырымдаған болатын. Топырақ қабатының экологиялық функциясы тірі организмдердің мекен ететін ортасы ретінде биосферадағы ылғал-, газ-, жылудың алмасуын реттейді, сондай-ақ мекен етуші түрлердің алуан түрлілігін сактайды. Топырақ қабатында мекен етушілердің сандық мөлшері, көптүрлілігі және олардың

биологиялық белсенділігі оның ылғалдылығына тәуелді болады. Топырак қабатының күрғап кетуі мен ылғалдың жетіспеушілігі биотаның функциясына әсер етумен қатар деградацияға ұшырауын жеделдетеді. Үлғалдылықтың мөлшерден артық болуы да зияндылық туғызады. Мысалға, агрегатаралық қуыстардың сумен толып тұруы топырак қабатындағы газдың алмасуын тежейді, кейбір омыртқасыздардың жойылуына себепкер болады.

Академик Б.Б.Полынов өзінін топырақ ілімі туралы еңбегінде көптеген тірі организмдердің геологиялық тарихи тірлігі топыракта қалыптастаны жайлы ғылыми терең тұжырымдама жасаған. Небір биохимиялық процестердің жүруіне негізделген функцияға сүйене отырып алғаш рет В.И.Вернадский топырақты биокости орта қатарына жатқызған.

Топырақ туралы ғылымның дамуына зор еңбек сіңірген академик В.А. Ковданың анықтамасы бойынша, тәмендегідей тұжырымдама жасалған: "Топырақ қабаты - өте күрделі, потенциалды энергияны, ылғалдылық пен қоректік заттарды аккумуляцияландыратын және өсімдік организмдерін (басқа да тірі организмдермен бірге) үздіксіз өндіруді қамтамасыз ететін күрделі компонентті ашық жүйе". Топырақ қабатының түзілуі су, ая, жылу, өсімдік пен жануарлар организмдерінің, тау жыныстары мен топырақ түзуші микроорганизмдердің мындаған жылдар бойы тығыз қарым-қатынаста болуына тікелей тәуелді десек қателік жок.

Топырақты копсыту мен жырту оның аэрациялық және инфильтрациялау қабілетін жақсартады. Бірақ, топырақты жыл сайын жырту топырақ күрілімін, оның үстіңгі қабатын тығыздатады, газ алмасуына кері әсерін де тигізеді. Ауыр ауыл шаруашылық техникаларын колдану экологиялық тұрғыдан зиян келтіреді.

Ұдайы қарқынды қалыпта жүргізген антропогенді игерістер топырақтың кейбір экологиялық функцияларын қысқартады:

- Биомасса өнімділігі кемиді;
- Атмосфераға оттегінің бөліну мөлшері азаяды;
- Көмір қышқыл газының байланысу реті әлсірейді;
- Топырақ кұрамындағы көміртегінің атмосфераға өтуі қүшійеді;
- Топырақтың өзіндік санитарлық қызметтері әлсірейді.

Топырақ қабатының біртұтас организм ретінде функциялануы топырақтың құнарлығын сақтау кепілі.

В.И. Вернадский биосфера туралы ілімді зерттеу барысында тірі организмдер мен олардың тіршілік барысындағы геологиялық негіздеріне баса көніл бөлгөн.

В.В.Полынов өзінің ландшафт геохимиясы мен жер қабаты жайлыш ілімі - атты жаңа ғылым саласын қалыптастыру барысында тірі организмдердің геологиялық тарихы топырақ қабатына тоғысатынын айтқан. Ол топырақтың тау жыныстарынан тірі организмдердің ықпалымен химиялық биогенді элементтердің аккумуляциялануы арқылы ажыратылады деген болатын.

Топырақ қабаты экологиялық көзқарас бойынша тек субстрат қана емес, ол тірі организмдердің мекен ету ортасы екені баршаға аян. Ол құрылыш өсімдіктерін, ірі сүтқоректілер мен құстарды қоректік затпен қамтамасыз етеді. Топырақ токсономикалық және трофикалық деңгейі әрқылы организмдер тобы үшін (топырақ флорасы, фауна мен микроорганизмдері) басты экологиялық орта болып табылады.

Топырақ қабатында мекен етушілер жиынтығы- топырақ биотасы деп аталады. Олар тұркына (улкен-кішілігіне) қарай төмендегідей топтарға жіктеледі.

- макрофауна (кемірушілер, бунақденелілер, жер құрттары, моллюскалар);
- микрофауна (аяққұйрықтылар, кенелер, нематодтар, жайбасарлар);
- мезофауна (есекқұрттар, кейбір бунақденелілер, көпаяқтылар, өрмекшілер);
- нанофауна (қарапайымдылар);

Топырақта мекен етушілердің құрамы, органикалық қалдықтардың минералдану жылдамдылығы және гумусты (қараширік) заттардың түзілу динамикасы топырақтың құрылымы мен ылғалдылық сыйымдылығына байланысты болады.

Тұркы жағынан әртүрлі жануарлар тобы топырақ қабатын экологиялық мекен ету ортасы ретінде әрқылы пайдаланады. Біреулері санылауларға, агрегатаралық құыстарға орналасып, тұракты мекен етеді. Екіншілері ін, үңгір жасап топырақ құрылымына өзгеріс енгізеді. Ал үшінші тобы топырақты тек қысталап шығу үшін уақытша ғана пайдаланады. Мысалы, нағыз топырақ жануарлары геобионттар бүкіл

тіршілік циклын топырақ қабатында өткізеді ( жауын құрты мен кейбір бунақденелілер). Ерекше бір тобы-геофиллдер, өзінің тек кейбір даму циклдарын ғана топырақта өткізеді (кейбір қоныздар мен маса дернәсілі және қуыршактары).

Қарапайымдылардың көпшілігі топырақтың сулы фазасында мекен етеді. Микроскопиялық саңырауқұлақтар мен бактериялар топырақтың катты бөлшектеріне жабысып, колониялық тіршілік түзеді. Олар макроэлементтер айналымында қатысады. Топырақ қабатында мекен етушілер тіршілік ету барысында, топырақ түзу процесіне зор үлес қосады. Олар топырақ кабаттарын өзара араластырады, органикалық қалдықтарды тереңге сініріп, өсімдік қалдықтарын шіріту арқылы ыдыратып, оның минералдануына жағдай туғызады.

Топырак өзінің құнарлығымен, яғни өсімдіктерді су және қоректік заттармен тұрақты қамтамасыз етуде таптырмайтын, құнды қасиеттерімен ерекшеленеді. Топырақтың құнарлылығы өсімдік биомассасының синтезіне мүмкіндік жасайды. Топырақ құнарлы болуы үшін, органикалық заттарға бай, құрамында 80-90% гумусты заттар немесе гумус(қараширік) болуы шарт.

Ол топырақтың құнарлылық көрсеткіші. Топырақтағы гумустың қалыптасуы мен түзілуі – бұл көптеген биологиялық және биогеохимиялық процестердің нәтижесі. Химиялық құрамы әртүрлі өсімдік қалдықтарынан қалыптасуына байланысты гумус топырақтың сапасы мен қасиеттерінің көрсеткіштері бойынша әрқылды ажыратылады. Оның қалыптасуына әртүрлі табиғат жағдайында сан қылыш организмдер комплекстері қатынасады.

Гумус (қараширік) әр түрлі биохимиялық реакциялар барысында өсімдіктер мен жануарлар қалдықтарының ыдырауы нәтижесінде өсімдікке кажетті, қоректік заттарды қалыптастырады.

Топырақтың органикалық заттары клетчатка (жасунық), лигнин, ақуыз, кант, шайыр және т.б. ыдыратушы аралық өнімдердің косылыстарынан түзіледі. Ол процеске өсімдіктердің, жан-жануарлар мен микроорганизмдердің тікелей қатысы бар.

Топыракта тұздар, сазды-қараширік комплексі, сондай-ақ алюминий, темір сиякты элементтермен қосылған гумин қышқылдары

органоминералды қосылыстар түзеді. Элементтер топырақта тек осындай қоспалар түрінде ғана қозғалыс жасайды.

Топырақтың қажетті құрамдасы - сұйықтық фазасы болып табылады. Топырақ ерітіндісі еріген заттарды тасымалдау, топырақтан тыс шығару, өсімдіктерді сумен және қоректік зат болатын элемент ерітінділерімен камтамасыз етеді. Топырақ ерітіндісі жер тарихындағы табиғи сулардың ең манызды санаттарының бірі. В.И.Вернадский айтқандай, ол “биосфера механизмінің негізгі элементі” және “тіршіліктің негізгі субстраты”.

Судан бос орындарды, саңылауларды газтәріздес фаза немесе топырақ ауасы толтырып тұрады. Газдардың түрі мен мөлшерінің әрқиылдығы, сонымен бірге азот, оттегі, көмірқышқыл газы, метан, ұшқыш органикалық қоспалардың және т.б. тұрақсыз болуы топырақтағы химиялық, биохимиялық және микробиологиялық процестерге байланысты.

Жердің беткі қабатында өтетін күрделі құбылыстар жиынтығы әсерінен құнарлы гумусты қабаттың түзілуі - топырақ түзілу процесі деп аталады.

Топырақ қабатының түзілуіне әсер етуші басты факторларға:

- Климат;
- Аналық тау жыныстары;
- Өсімдіктер мен жануарлар әлемі;
- Рельеф пен аймақтың геологиялық болмыс тарихы;
- Адам баласының шаруашылық әрекеттері жатады.

Топырақта түрлі процестердің өтуіне орай, оның құнарлығы артады немесе керісінше деградацияға ұшырайды. Топырақта өтетін процестер барлық қат-қабатты қамтумен немесе белгілі бір горизонттарда шоғырлануымен, өзара тәуелді және тығыз байланыста жүреді. Табиғаттағы зат айналымға, топырақтың түзілуіне және топырақ құнарлығының қалыптасуына микроорганизмдердің ықпалы зор. Сонымен қатар, микроорганизмдер үшін де топырақ табиғи орта болып табылады. Бұл процесс элементтердің, судың, жылу және энергия айналымдарының тығыз байланысуы арқылы жүзеге асады. Өсімдіктер күн энергиясын сіңіру арқылы маңызды қызмет аткарады: сіңірлген күн энергиясы биосинтез процесіне қозғау салады және органикалық қоспалар түзетін химиялық байланыс энергиясына жалғасады. Топырақ қабатында өсімдік

тамыры, микроорганизмдер және гумус биомассасы сияқты әлеуетті биогенді энергия көздері шоғырланады.

Көміртегінің фотосинтездік байланыс арқылы органикалық қоспалар түзуінін негізі өсімдіктер мен балдырлардың атмосфера құрамындағы көмірқышқыл газын биосинтетикалық процеске қосумен жүзеге асатыны белгілі. Тірі организмдер бойында жиналған органикалық заттар тіршіліктің түрлі деңгейіндегі консументтер мен редуценттер арқылы өнделеді. Өнделу жүйесі трофикалық тізбекте айқын көрінеді. Осы тізбектің соңғы деструктивті звеносында - органикалық заттар минералданып, атмосфераға гетеротрофты организмдердің тіршілігімен қайта көмірқышқыл газы бөлінеді. Органикалық қоспалардың деструкциялануы кезінде түзілген көмірқышқыл газының 90%-ы микроорганизмдік текте болса, 10%-ы жоғары сатылы организмдердің тыныс алу нәтижесінде бөлінеді еken. Топырақ қабатындағы барлық экологиялық байланыстар динамикалық қалыпта болады. Белгілі бір байланыстың үзілуі немесе жойылуы динамикалық тепе-теңдіктің бұзылуын туғызады.

Топырақ деградациясы тізбекті реакцияға пара-пар. Топырақ күйінің кейбір көрсеткіштерінің өзгеруіне байланысты (құрылымы, ылғалдылығы, қышқылдылығы, қоректік элементтердің сапасы) өсімдік өнімділігінің азауы таңқаларлық жағдай емес.

Сөйтіп, органикалық зат айналымдарының бұзылуы гумустың (карашіріктің) түзілу қарқынын азайтады, ылғал мен қоректік элементтердің сақталу қабілеттерін нашарлатады, топырақтың үстінгі құнарлы қабатының эрозияға ұшырау жылдамдылығын арттыра түседі. Оның арты топырақ қабатының жаппай әлсіреуін, яғни тақырлану немесе шөлді ланшафтыға айналғанын көруге душар қылады.

Топырақ қабаты – органикалық заттардың синтезі мен минералдануынан тұратын көміртегі айналымының жаңандық процесімен қатар атмосферадағы газ алмасу құбылысына ықпал етеді. Фотосинтез барысында өсімдіктер көмірқышқыл газымен байланысып, атмосфераны оттегімен байытады. Фотосинтез реакциясына озон қабатының жұкару салдарынан жер бетіне көп мөлшерде түскен ультракүлгін сәулелерден туындаитын радиация кері әсер етеді. Осы себептен өсімдіктерде протеин аз деңгейде жасақталады, ал бұл құбылыс биологиялық, тіпті ауыл

шаруашылық өнімдерді өндіруге кедергі екендігі мамандар қауымына белгілі жайт. Органикалық заттардың минералдануы кезінде, көмірқышқыл газынан басқа да газдар белінетіні белгілі. Топырак қабатында физиологиялық аса белсенді этилен, этиламин, нитрозоамин сияқты т.б. үшпалы қоспалар да түзіледі. Биосфера дағы биологиялық фиксация процесінің нәтижесінде жылына 92 млн. тонна шамасында түзілетін пайдалы азоттың жылма жыл 83 млн. тоннасы шығындалады еken (яғни жұмсалады). Ал қалған 9 млн. тонна пайдалы азот топырақта, өзендерде, көлде, тоғанда, мұхитта кездеседі. Электро - және фотохимиялық процесс нәтижесінде жыл сайын топырақтың әр гектарында 4-10 тоннадай азот түзіледі еken. Мұнда симбиотикалық азот түзуші бактериялар басты роль атқарады. Мәселен, бүршақ тұқымдас өсімдіктердің тамыр жүйесінде 150-400кг азот түзіледі. Атмосфера дағы азоттың топырақ микроорганизмдері арқылы қайта қалыптасуы жүзеге асатыны мәлім. Айта кету керек, фосфор мен күкірт айналымы органикалық заттар мен минералдың ыдырауына байланысты. Ал калий, темір, марганец және аллюминий айналымы кезіндегі минералдардың ыдырауы мен жаңадан пайда болу процестерінің мәні ерекше.

## **2-тaraу. Сулы жүйелердің экологиялық ерекшеліктері.**

### **2.1. Сулы экожүйенің ластануы.**

*Көлтабандар* (*Лимандар*). Су көздерінің жағалаудағы компоненттердің басым бөлігін көлтабандар алғып жатады. Көлтабан – жағалаудағы жартылай бекітілген су қоймасы. Көлтабан толысу жағдайына ұшыраған сәтте теңіз суы тұщы сумен араласады. Мәселен, көлтабанға өзен сағасындағы, шығанақтар, литоральды белдемдер және жаға мен саяз көлшіктер арасындағы сулы экологиялық жүйелер жатады. Павлодар облысының аумағында Шідерті су торабының, Аққү ауданында аймақтық көлтабандары бар екені белгілі. Бұл көлтабандарға антропогендік ықпалдың қарқыны өте зор.

Эстуария құбылысы өзен ағысы мен суқоймаларының толысу ерекшеліктеріне байланысты. Турбулентті қозғалыс арқасында олардың бірін-бірі реттеу ісі жүзеге асады. Нәтижесінде, жартылай ғана ашы немесе тұщы су жүйесі калыптасуы ықтимал.

Көлтабандардың кереметтілігі, фототрофты организмдердің жоғары белсенделілігіне (макрофиттер – теңіз балдыры мен өсімдіктері, су табаны балдырлары, фитопланктондар) байланысты. Соның арқасында жыл бойына барлық гетеротрофты организмдер қоректік затпен қамтамасыз етіледі.

Көлтабандар негізінен жануарлар түрлерінің ұрпақтарын жетілдіру және суармалы шабындық ұйымдастыру мақсатына қызмет ететін орын болып табылады. Мысалға, устрицалар мен теңіз(таңқы) шаяндары тіршілігінің барлық циклын осында аяқтайды, ал асшаяны мен көптеген балыктар тіршілігінің мұнда алғашқы циклдары ғана өтеді. “Ақкөл жайылма” жерінде жасалған Шідерті көлтабаны сол өңірде орналасқан шаруашылықтардың негізгі шабындықтары саналады.

Сулы жүйенің экологиялық жағдайы өзінің құрамына түсетін минералды және органикалық қоспалардың әртүрлілігі мен гидробионттарға тигізгер өсерінің ерекшелігімен, сінірілу мүмкіндігіне немесе аккумуляциялану қабілетіне сай анықталады. Менделеевтің периодтық жүйесіндегі барша танымал элементтер сулы экожүйеде кездеседі. Сулы экожүйеге түсетін аллохтонды заттардың басым бөлігін органикалық қоспалар құрайды. Сондай-ақ, су қоймасының өзінде түзілетін автохтонды органикалық заттар сулы экожүйенің ефтрафталған

денгейін анықтайды және түсі, исі, дәмі сияқты органолептикалық қасиеттерінің қалыптасуына әсер етеді.

Сулы экожүйенің түрлі қоспалармен ластануы алғашқыда антропогенді факторлар әсерінен болатындығы белгілі, яғни ішкі бұлактарға түсетін ластаушы заттардың басым бөлігі өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы және коммуналды-тұрмыстық кәсіпорындарының сарқынды (ақаба) сулармен келетін заттар болып табылады. Экологтардың пайымдауынша, бізде жылына 200 млн. тонна пайдаланылған сарқынды сулар табиғи су көздерін ластайды екен.

Қазіргі кезде ірі өнеркәсіптік орталықтарда өндірістің қалдықсыз технологиясын табу мәселелері қарастырылып, практикада қайталай қолдану шаралары іздестіріліп жатыр. Алайда, сапасы нашар да тәмен сулардың түрі де, көлемі де көп. Тіпті, өнеркәсіп өндірісінде оны шешуге болатын мүмкіндіктер табылар, ал ауылшаруашылығы саласында мүмкін бе?

Егістіктерден қайтқан, құрамында еріген тыңайтқыштар мен улы химикалдардың (дәрі-дәрмектер) ерітінділері бар, миллиондаған текше метр суларды өндеуге канша күш керек.

Кәсіпорындардың сарқын (ақаба) суымен келіп түскен концентрациялы қандай зат екені және оның нақты табиғаты белгілі болған жағдайда ғана олардың тигізер әсері мен ластану деңгейін анықтауға, сөйтіп экологиялық қауіпсіздіктердің алдын алу мүмкіндігі туар еді. Сарқынды сулармен ластанғанда сулы экожүйеде болатын реакциялардың сипаты 3 топқа (фазаға) бөлінеді:

1. Физикалық, физикалы-химиялық қасиеттерінің өзгеруі және гидробионттарға берілетін токсикалық әсері;
2. Биоценозда жүретін процестерге әсер етуі;
3. Дербес тазару процесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуі.

Бәлкім, аллохтонды қоспалардың түсуінен ластанған ортада осындаған реттілікпен әсер ету процесі тазарумен аяқталуы да мүмкін. Мұндай ерекшелік тек ластанудың тәмен деңгейдегі әлсіз евтрофты сулы экожүйеге ғана тән.

Қандай да бір суаттарда өзіне тән жоғары деңгейлі, бедерсіз ластану құбылысы болған жағдайда 3- ші фазаның болмауы да ықтимал немесе бұл кезең ұзакқа созылуы мүмкін.

Жана түсken ластағыш заттар су биоценозының функциясын өзгертеді, ортаға қауіп төндіреді, сонымен қатар трофикалық тізбектер мен экожүйенін біртұастылығын бұзады, трансформациялық өнімдер жинақталады немесе зат айналымы кезінде табиғи циклдардың кейбір аралық байланыстары болмауынан, олар аяқталмай қалады. Түрлі қосылыстар мен заттардың артық мөлшерде түсуінен табиғи сулардың қайталай ластануы - сулы экожүйенің биологиялық тепе-тендігінің бұзылуына әкеледі.

Аса күшті тасқын кезінде суаттарға түсетін әр түрлі аллохтонды заттар мен биогенді элементтер (фитопланктон, зоопланктон, гетеротрофты микроб бірлестігі) және макрофиттердің (су өсімдіктері) мекендеуіне және қарқынды дамуына байланысты сулы экожүйенің дербес тазаруы емес, керісінше қайталай ластануы ықтимал.

Алғашқы ластануды тудыратын түрлі химиялық қоспалар су көздеріне күзгі және көктемгі су тасымалынан жиналған судан, жер бетіндегі және жер асты су ағындары арқылы түседі. Өйткені олардың кұрамындағы пестицидтер, мұнай өнімдері қалдықтарының өкілдері, минералды және органикалық тыңайтқыштар сияқты заттар негізгі ластаушылар болып табылады.

Аллохтонды және автохтонды органикалық заттар микробиологиялық деструкцияға және трансформацияға ұшырап, судағы тірі организмдерде аккумуляцияланатындығы белгілі. Кейін олар тіршілігін тоқтатқан соң, қайта босап шығуы арқылы қайталай ластану құбылысын тудырады. Қайталай ластанудың басты көздері:

- Көк-жасыл балдырлардың жаппай даму кезеңіндегі метаболизмдік өнімдер;
- Аллохтондық түзілістегі ерітілген және құрғақ органикалық қоспалар;
- Гидробионттардың жойылу сатысындағы биомассалары, су астындағы шіріген ағаштар және т.б.
- Су түбіне шөгіп, аккумуляцияланған әр түрлі қоспалар мен заттар.

Қайталай ластанудың ерекшеліктері көрінбейтін және бақыланбайтын трансформация процестері мен органикалық және токсикалық заттардың биоаккумуляциялануы арқылы зиянды іс

әрекеттердің жүруінде. Бұл құбылыстар табиғи сулардың сапасы мен оттегі режимін бұзады, тіпті гидробиоценоздардың кейбір түрлерін де өзгертерді.

Қайталай ластану құбылысы сулы экожүйенін функциялануымен тығыз байланысты екендігі жайында айта кеткен жөн. Қайталай ластану процесіне тікелей су көздерінде түзілетін автохтонды органикалық қоспалармен бірге сырттан келетін табиғи немесе антропогенді жолмен пайда болған аллохтонды заттардың да соншалықты үлес қосатындығы белгілі.

Зат алмасуға қатысатын балдырлар мен көптеген микроорганизмдер тобының дамуы, су көздеріне түскен органикалық және минералдық қоспалармен, сондай-ақ басқа да биогенді элементтермен (азот, фосфор, калий) ластану мүмкіндігін туғызады. Балдырлар мен микрофиттердің қарқынды дамуы антропогенді факторлардың әсерінен сулы жүйедегі экологиялық тепе-теңдіктің бұзылу салдары болып табылады.

Сондай-ақ, балдырлардың “гүлдену” салдары алғашқы ластанудың да нәтижесі саналады. Жасушадан тыс және оның ішіндегі органикалық заттар мен балдырлар биомассасының деструкциялануы арқылы қайталай ластану процесі туындаиды. Жоғары биологиялық белсенділіктің иегері ретінде осы қосылыстар тобы аллергиялық, мутандық, концерогендік антигормоналдық, бактериоциттік және басқа да қасиеттерге ие болу нәтижесінде экологиялық тәуекелділік факторына айналып отыр.

Әртүрлі ашу (сүт қышқылы, спиртті, ацето-бутилді, май қышқылы және т.б.) мен минералдану барысында балдырлар биомассасы мен тіршілік бөліністері микробиологиялық ыдырауды тудырады. Бұл ыдырау су көздерінде түрлі органикалық қоспалар (қышқылдар, спирттер, ацетон және т.б.) түзеді, табиғи сулардың сапасын төмендетеді. Балдырлардың жоғары молекулярлы полисахаридтері су тазалау кезінде зиянды қоспалардан арылу қарқының тежейді. Нәтижесінде, төмен молекулярлы метаболиттерді жоюға бөгет жасайды. Сонымен қатар, балдырлардың ақуыздары, полипептидтер мен көмірсулары ауыр металдардың қозғалыстарын баюлатады, тұнба қалдықтарының аккумуляциялануына мүмкіндік туғызады..

Әдеттегі суды тазарту технологиясын қолдану “гүлдену” кезінде пайда болаған иістер мен әртүрлі татымдарды азайта алмайды. Осылайша,

“гүлдену” кезінде және балдырлардың шіруінен пайда болған токсикалық қоспалар трофикалық тізбекке қатысушы әрі су сапасына әсер етуші зат ретінде қайталай ластанудың негізгі көздеріне жатады.

Табиғи сулардың алғашқы және қайталай ластанулары өздеріне тән әсер ету ерекшеліктері мен ұзақтығына байланысты ажыратылады. Алғашқы ластану кезінде улы заттардың әсерінен гидробионттардың ластануға деген реакциясы төзімділік деңгейіне байланысты бірден болуы ықтимал, кейде тіпті жойылуға дейін жетеді.

Концентрациясы тәмен улы заттардан тұратын созылмалы ластанудың сулы экожүйе организмдеріне токсикалық әсері біршама тәмен. Ол заттар трофикалық тізбектің жекеленген аймақтарында жиналуды немесе тұнба шөгінділерінде аккумуляциялануы мүмкін. Мысалға, су көздеріне түскен радиоактивті заттардың басым бөлігі су түбіндегі тұнба шөгінділеріне жинақталатындығы зерттеу жұмыстарымыздың нәтижелерінен белгілі болып отыр.

Су көздеріне түскен ластағыш заттар микробиологиялық процестерге қатынасады. Олар гидробионттардың тіршілік қабілеттері мен физиологиялық жағдайын, сонымен қатар судың органолептикалық (түсі, іісі, дәмі) қасиеттерін анықтайды. Мысалы, су түсінің өзгеруі тәмендегідей себептерден болады:

- құрғақ заттардың сапалық құрамынан;
- темірдің коллоидты қоспаларынан;
- гуминді заттардан;
- балдырлардың “гүлдену” кезіндегі метаболизм өнімдерінен;
- өндіріс қалдықтарының боялған заттарынан;

Су және ондағы балықтардың дәмі, іісі су көздеріндегі организмдердің тіршілік әрекеттері мен түрлі субстраттардың ыдырау процесінде түзілетін тұз, газ және органикалық заттарға байланысты екендігі баршамызға белгілі. Су қоймаларындағы қоспалар неғұрлым әртүрлі болса, соғұрлым іісі күштірек сезіледі.

Аллохтонды және автохтонды органикалық қоспалардың микробиологиялық деструкция барысында су мен балықтардың органолептикалық қасиетіне әсер ететін әртүрлі химиялық заттар (аминдер, органикалық қышқылдар, фенолдар, эфир, аминдер, альдегидтер мен кетондар) түзеді. Мысалы, өсімдік қалдықтарының шіруінен

(балдырлар, су өсімдіктері) суға өткір істі меркаптандар, күкіртсүтектер, спирттер, альдегидтер, ацетон сияқты өнімдер көп мөлшерде тұседі.

Табиғи және техногенді ароматталған қоспалардың ыдырауынан ерекше істі пирожүзімді, фумарлы және сірке қышқылды, альдегид пен ацетат сияқты өнімдер де түзілетіні мәлім. Осындай жағымсыз дәм мен істі жою үшін тазарту процесінде қосымша әдістер қолданылады.

Су экожүйесінің дербес тазаруында микробиологиялық деструкция және трансформация процестеріне әртүрлі тұрмыстық сарқын (ақаба) сулардың құрамында болатын қажетті қоспалар қатысады. Олар алғаш қарағанда зиянсыз болып көрінеді. Бұрынырак, тұрмыстық сарқын (ақаба) сулардың құрамында улы заттар болмайды делінетін. Алайда, соңғы кездері бұл мәселе қайта жаңғырылып қарастырылуда. Себебі, тұрмыстық қажеттілікте қолданылатын түрлі улы химиялық, синтетикалық жуғыш заттар, дәрілік препараттардың суға қосылуы су көздеріне зиянды ықпал жасайды. Тұрмыстық (ақаба) сарқын сулар бойындағы азотсыз органикалық қоспалар құрамын көмірсулар, канттар (глюкоза, лактоза, сахароза) және полисахаридтер (крахмал, целлюлоза) құрайды.

Тұрмыстық сарқын (ақаба) сулар құрамында азотты органикалық қоспалар ақуыз және оның гидролиз өнімдері - пептид пен аминқышқылдар, әр түрлі гетероциклді радикалдар түрінде кездеседі.

Өнеркәсіптік сарқын сулардың химиялық құрамының ерекшелігі шығатын қалдықтарды азайту тәсілдеріне және өнім алудың технологиясына байланысты. Сондықтан, олардың құрамында органикалық немесе минералдық, табиғи немесе синтетикалық компоненттердің басым болуы ғажап емес. Өнеркәсіптік сарқын сулар құрамында болатын көптеген заттардың токсикалық дәрежесі де әрқилы. Су экожүйесін алғашқы ластануға ұшырату сәтінде мынадай қоспалар түзіледі:

- бейорганикалық қосылыстар (қышқылдар, сілтілер, сульфидтер, металл гидроксидтері, ауыр металл тұздары);
- органикалық улы емес қоспалар (тағам өндірісінің қалдықтары) және улы қасиеттері бар органикалық заттар (фенолдар, эфирлер, бояғыш заттар, техникалық майлар, мұнай көмірсүтектері, детергенттер, дәрілік препараттар, радиоактивті заттар және т.б.).

Су экожүйесінің дербес тазару қарқыны органикалық қоспалардың тек көп факторлы және түрлі бағытта минералдануы мен ғана шешілмейді, сонымен қатар ол төмендегідей құбылыстар аркылы да біршама күрделене түседі:

- әртүрлі трофикалық звеноларда ауыр минералданатын немесе мұлдем ерімейтін заттардың тұнбаға түсіп шоғырлануы;
- әртүрлі жоғары концентрациялық қоспалардың және жекеленген элементтер мен металл иондарының қамтыған субстрат қызметіне байланысты;
- су көздері организмдері үшін қоректік зат болатын әртүрлі дәрежедегі бірнеше субстраттың бір мезгілде қатарлас totығуы;

Экологиялық қауіпсіздік мақсатында микроб ферментіне тән тұрақсыз изомерлер шығару ісі бақылауға алынған. Олай болмаған жағдайда, су көздерінде әртүрлі дәрежеде уланған қоспалардың түзілуі кең орын алады.

Осылайша, су сапасының қалыптасу ерекшелігін анықтау үшін су экожүйесінің дербес тазару және ластану қарқынын міндепті түрде білуіміз керек. Трофикалық тізбектің қызметіне, әсіресе редуцент - микроорганизмдер тіршілігіне байланысты болатын қайталай ластану мүмкіндігінің механизмі жайлы ақпаратты біліп отыру аса қажет.

## **2.2. Ертіс су алабының ластану сипаты.**

Павлодар облысының аумағындағы Ертіс алқабы Батыс-Сібір ойпатының онтүстік бөлігінде орналасқан. Оның оң жақ қапталы «Құлынды даласы» деген тарихи-географиялық атаумен Объ – Ертіс аралығына дейінгі алқапты алып жатыр, ал сол жақ қапталы – Ертіс далалары деген жалпы атаумен танымал. Алқаптың ені 40-100 шақырым. Ертіс өзені жалпы жазықтық сипаттағы өзендер қатарына жатады. Бесқарағай ауданындағы Долон ауылының тұсынан Железинка ауданына қарасты Урлютюбе ауылының маңайына дейінгі аралықта өзеннің жалпы деңгейінің төмендеуі (76м) бар. Өзен алқабы – тамаша демалыс орны, әртүрлі туристік шараларды ұйымдастыруға өте ыңғайлы, әрі көркемдігі тартымды, ал аңгарындағы көлшіктер мен жылғаларда балық аулау сияқты ермек қылу кәсіптерімен шұғылдануға қолайлы.

Жалпы Ертіс өзенінің өнірі күрделі экологиялық жағдайда екендігі мамандар қауымына мәлім. Сол себептен Ертіс су алабының техногенді

элементтермен ластану сипаты екі тұрғыдан қарастырылуы мәселенің комплексті түрде зерттелу қажеттілігінен туындаған.

Біріншіден, Ертістік орта аймакта көптеген ірі ауыр өнеркәсіп пен энергетикалық, химиялық кәсіпорындардың қарқынды дамуы қоршаған ортаның техногенді заттармен, әсіресе, ауыр металдармен ластануына бірден-бір себеп болып отыр.

Екіншіден, бұл аймакта бұрынғы Семей ядролық сынақ полигонының орналасуы табиғи орта компоненттерінің радиоактивті заттармен де ластану көзі болып отырғаны мамандар үшін белгілі жайт. Сондай-ақ, Ертіс су алабының басым бөлігі, антропогендік әсердің оның ішінде ауылшаруашылығы өндірісінің ықпалына көбірек ұшырағандықтары да анықталды.

Коршаған ортаны қорғау саласындағы Шығыс Қазақстан аймақтық басқармасының 2003 жылғы мәліметтері бойынша сол жылдың қантар-мамыр айларының аралығындағы мырыш элементінің мөлшері шекті рауалы концентрациядан 99 есе көп болғандығын дәлелдейді, ал мыстың мөлшері - 14 есе, мырыш - 21 есе жоғарғы деңгейде еken. Оның басты себептері өзенде жағалай орналасқан қалалардағы өнеркәсіп орындарынан жылына бірнеше ондаған тонна мырыш, 3 тоннадан астам мыс, әрқайсысы 2 тоннадай кадмий мен қорғасын су алабына тасталады еken.

Жалпы, Ертіс өзенінің суындағы мырыш, мыс, қорғасын, хром, кадмий элементтерінің мөлшері қалыпты нормадан тыс жоғары шамада көрінеді. Мысалға, Ертістің жоғарғы ағысының (Боран станциясының тұсы) суындағы қорғасынның мөлшері Объ өзеніне құйылар тұсындағы төменгі ағысының (Бобров станциясының маңайы) суымен салыстырғанда 7,6 есе өзгергені аңғарылған.

Оның басты себебі, Шығыс Қазақстан мен Павлодар облысының ауыр өнеркәсіп, әсіресе металлургиялық кәсіпорындардың сарқынды (ақаба) суларымен ластауы болып табылады. Ертіс өзенінің оң және сол жақ беткейлеріндегі сағаларының суларындағы қорғасын мөлшері де әрқилі еken. Арнайы жүргізілген зерттеу жұмысының нәтижелері оң жақ қабактағы сағаларында өзен суы қорғасын қалдықтарымен 8,1 есе көбірек ластанатын көрінеді.

Ертістің орта өнірінде орналасқан кәсіпорындар жылына Ертіс өзеніне 2000 млн. текше метрге жуық сарқынды су жібереді еken, оның

ішінде 200 млн. текше метрге жуығы - ластанған, яғни тазартылмай өзенге құйылатын сулар көрінеді. Өндіріс орындарының сарқынды (ақаба) сулары өзен мен көлдерге ағып, мекендеуші тірі организмдерді, соның ішінде балыктарды улайды. Уланған балық адам мен жануарларға экологиялық қауіпті азық екендігі баршаға аян.

Арнайы жүргізілген бақылау мониторингісі, тек қана Шығыс Қазақстан облысындағы өнеркәсіптік өндіріс орындарынан бір жылдың ішінде Ертіс су алабына 86 мың тоннадан астам ластауыш заттар тасталғанына көз жеткізді. Оның ішінде бериллий сияқты радиоактивті зат пен оның қосылыстарының болу ықтималдылығы мәселенің қаншалықты құрделі екендігіне дәлел. Ертіс өзенінің суында кездесетін корғасын, кадмий, мыс және мырыш элементтерінің мөлшеріне қарай бериллийдің концентрациясы да өсетіндігі байқалғанын ескеrtу абзal.

Осы іспеттес зерттеу жұмыстары Павлодар қаласының тұсындағы өзен суларында кездесетін ауыр металдардың мөлшерін анықтауға бағытталды. Зерттеу жүргізіletіn орындар ретінде Ертіс өзені бойындағы Павлодар қаласының онтүстік және солтүстік су құбырлары алынды. Тек қана Павлодар облысының Ертіс өзені бойындағы кәсіпорындарынан өзенге құйылатын сарқынды сулар ағыны 888,7 млн. текше метрді құрайды. Оның ішінде ең бастысы Ақсу қаласының энергетикалық кәсіпорынан шығатын нормативті түрде таза саналатын сарқынды сулары Ертіс өзенінің жылулы ластауыш көзі болып табылады. Осы жылумен ластауыш ағын судың көлемі 840 млн. текше метр шамасында болса, Павлодар қаласының “Водоканал” кәсіпорыны тазартып шығаратын сарқынды судың мөлшері 48 млн. текше метр көлемінде, ал Ақсу су құбырынан шығатын фильтрлерді тазарту ісіне жұмсалған сарқынды сулардың ауқымы 0,531 млн. текше метрдей екен. Міне, Ертіс өзеніне құйылып жатқан сарқынды сулар ағынының көлемі осындай көрінеді.

Зерттеу барысында өзен суына құйылатын осы сарқынды сулардың химиялық құрамы анықталды. Зерттеу жұмыстарының мерзімі өсімдіктердің вегетациялық кезеңіне сәйкестендірілді, яғни сәуір айы мен қазан айының аралығында жүргізілді.

3-кестедегі мәліметтер көрсеткендегі өзеннің Павлодар қаласындағы онтүстік және солтүстік құбырларынан алынған су үлгілеріндегі ауыр металдар мөлшерінің шектеулі концентрациядан аса қоймағандығын

көрсетеді. Алайда, судағы темірдің, мыс пен мырыш сияқты ауыр металдардың мөлшері шекті рауалы концентрациядан көбірек болатындығы да аңғарылды. Бұл жағдай негізінде көктемде Ертіс өзенінің тасу кезеңінде байқалды (қар. 3-кесте).

Зерттеу жұмысының тағы бір міндеті өзен суының биологиялық сапасын анықтау болатын. Ол үшін өзен бойындағы бес жерден су үлгілері алынып, аналитикалық жұмыстар жүргізілді. Лабораториялық талдама жұмыстары қоршаған ортаны қорғау саласы бойынша Павлодар облысының аймақтық басқармасының зертханасында орындалды.

4-кестеде көрсетілгендей зерттеу жұмысының нәтижелері мұнай өнімдері қалдықтарының өзен суында шекті рауалы концентрациядан 1,2 - 2,6 есе асканын дәлелдеді, мыс - 5 есеге дейін, мырыш 3 есеге, марганец 2,5 есеге, темір 2 есеге дейін шектеулі мүмкін болар шамадан артатындықтары байқалды (қар. 4-кесте).

Ертіс орга өнірінде ластанған табиғи ортаның бірі Ертіс өзенінің бойын жағалай орналасқан бұрынғы ядролық полигон аумағы екендігі баршаға аян. Қазіргі таңда полигон жабылды, барлық ядролық инфраструктуралар көзі (штолньялар, скважиналар және т.б.) жойылды. Дегенмен, радиоэкологиялық мәселелер басқаша формаларда туындамаса, азайған жок. Полигон аумағындағы табиғи бұлақтардың, өзенжылғалардың ағысы негізінен Солтүстік-Шығысқа қарай, яғни Ертіс өзеніне бағытталған. Ұлттық ядролық орталықтың ғылыми-зерттеу мекемелерінің жүргізген мониторингілік бақылау жұмыстарының нәтижелері мәселенің қаншалықты күрделі екендігін көрсетуде. Жабылған штолньялардың тау құыстарынан өте ластанған сулардың сыртқа шығуы үлкен қауіп туғызады. Әйткені ол сулар біріншіден радиоактивтілігі жоғары, екіншіден тау жылғаларымен Ұзынбұлак, Байтілес, Токтакүшік сияқты өзен-жылғаларға қосылуда. Бұл өзен-жылғалар суы мол жылдары Шаған, Аңысу өзендеріне құйылуы мүмкін екендігін ескерсек, Ертіс өзенінің тағдыры да ойландыруға тиісті.

Арнайы жүргізілген талдау жұмысының нәтижелері су көздерінің радиоактивті ластану механизмдері негізінен екі жолмен жүретіндігін көрсетті.

Біріншіден, жер асты ыза суымен миграциялануы арқылы радиоактивті заттардың жаңбыр, қар сулары мен жуылуы арқылы лас

аймақтардан басқа аудандарға миграциялануы жүзеге асады. Сөйтіп, осындаған лас аймақтардың болуы әр түрлі ағын сулардың көмегімен басқа су көздерін, әсіресе, келешекте Ертіс су алқабымен қосылып жатқан су артерияларын ластау қауіпін туғызуы ықтимал. Сол себептен, полигон аумағы мен көршілес жатқан аймақтарда радиациялық мониторингі ұйымдастырудың маңызы өте зор.

**3-кесте. Ертіс озені суындағы ауыр металдар молшерінің динамикасы, мг/л**

Ауыр металдар	Шекті рауалы концентрациясы	Үлгі алу уақыты (айлар)						
		IV	V	VI	VII	VIII	IX	
Алюминий	0,5	0,5	0,04	0,003	0,01	0,1	0,025	
Кадмий	0,001	0,001	0,001	-	-	-	-	
Коргасын	0,03	0,008	0,003	0,005	0,008	0,01	0,01	
Магний	40	7,42	4,99	4,86	5,02	6,08	3,40	
Марганец	1	0,012	0,003	0,003	0,006	0,006	0,02	
Мис	0,001	0,003	0,002	0,002	0,001	0,001	0,001	
Темір	0,5	1,26	0,03	0,09	0,17	0,17	0,18	
Хром	0,5	-	-	-	0,02	-	-	
Мырыш	1	2,01	0,052	0,01	0,01	0,01	0,01	

**4- кесте. Ертіс өзені сүйнің биологиялық сапасының бағасы, лм/мг**

Ингредиенттер атауы	Шекті рауалы концентрациясы	Ақсудың ГРЭС-ы	Павлодардың оңт. су күбіры	Павлодардың солт. су күбіры	Ағын су құйылар Тұстан 500м төмен	Құтқару станциясының маңайы
1	2	3	4	5	6	7
Қалдықты өлшемді заттар	Фон 0,25	20,8	18,3	36,2	34,1	21,0
Аммоний азот	0,39	0,4	0,12	-	0,14	-
Нитратты азот	9,1	0,26	1,27	-	0,1	-
Нитритті азот	0,02	0,008	0,02	-	0,0066	-
Мұнай қалдықтары	0,05	0,09	0,06	-	0,12	0,12
Сульфаттар	100	25,0	29,2	-	38,7	30,3
Хлоридтер	300	8,4	7,4	8,0	9,8	9,8
Фосфаттар	0,25	-	-	-	0,22	0,03
БПК	3,0	2,8	2,5	-	3,4	2,8
1	2	3	4	5	6	7
СПАВ	0,5	0,034	0,015	-	0,058	0,006
Темір	0,1	0,16	0,19	-	0,1	0,07

(жапылай)						
Мыс	0,001	0,003	0,008	-	0,001	0,001
Мырын	0,01	0,02	0,03	-	0,01	0,02
Сұйық оттегі	НС<6	11,0	10,1	-	7,9	9,5
Алюминий	0,5	-	-	-	0,16	0,04
Фенолдар	0,001	-	0,001	-	0,001	0,000
Фтор	>0,75	0,11	0,13	-	-	0,05
Марганец	0,01	-	0,05	-	-	0,014
Мышьяк	0,05	-	0,002	-	-	-
Никель	0,01	-	0,0 03	-	-	0,0001
pH	6,5-8,5	8,1	8,1	7,8	8,5	7,3

Су көздерінің экологиялық қолайлылығының басты кепілі – гидробиологиялық процестердің деңгейін бір қалыпты ұстау және эвтрофикация құбылысын белгілі бір дәрежеден асырмау.

Өз тарапымыздан Ертіс су алқабына қарасты су көздерінде жүргізілген гидробиологиялық арнайы зерттеу жұмыстарына талдау жүргізілді. Зерттеу жұмыстарының нәтижесі су көздерінің экологиялық сипаттамасын беруге мүмкіндік туғызады (қар. 5-кесте).

Су көздерінің улы радиоактивті заттармен ластануы ондағы доминанттардың ауысуына және жалпы экологиялық жүйедегі биоценоздардың бұзылуы арқылы оның құрылымының жоғалуына әкелуі ғажап емес. Мұндай жағдайда, доминанттар ауысымын – экологиялық жүйе қалыптасуының бір формасы, ал құрылымының жоғалуын – патология деп қабылдаған жөн.

Судың сапасын анықтау арқылы су көздерінің экологиялық күйін бағалау жұмыстары су өсімдіктері мен жәндіктерін зерттеумен жалғасты. Ертіс су алабында орналасқан екі көл мен екі өзенді мекендереген су организмдерінің түрлер саны, индексі және сапалық деңгейлері анықталды (қар. 5- кесте).

5-кестеден байкалып отырғандай су көздерінің организмдері ішінде фито- және зообентос өкілдері ерекшеленеді. Перифитон құрамын негізінен балдырлар құрайды, түрлерінің жалпы саны - 24. Ал өсімдіктер қауымдастыры негізінде қос атомды балдырлардан құралған, олардың жалпы саны - 19 түрден тұрады. Зообентостар ішінде жәндіктердің 13 таксоны бар екендігі белгілі болды. Оның бастылары - гаммарус, моллюскалар, кандалалар, сүліктер, қосқанаттылар мен басқаларының дернәсілдері. Мұндай әр атуан таксондардың болуы экологиялық жүйенің қалыптасып қалғандығына дәлел.

Әйтседе, барлық үлгі алынған су көздерінде фитопланктон құрамы кедейлеу. Үлгілердегі таксон түрлері 2 мен 7-нің аралығында болды (қар. 5 -кесте). Зоопланктон құрамы анықталған су үлгілеріндегі жәндіктер таксоны бесеу болды. Олардың биологиялық массаларының төмен (12 мг/м<sup>3</sup>) болуы 1 текше метр су көлеміндегі жәндіктер санының аздығымен (0,23 мың экземпляр) тығыз байланысты. Осы аталған биологиялық көрсеткіштер мен су сапасының деңгейі арасында белгілі бір дәрежеде байланыстылық бар екендігі айқындалды. Сөйтіп, “Шаган” көлі мен

Аңысу өзендерінің сапасы гидробиологиялық көрсеткіштер бойынша 4 класты, яғни орташа деңгейде ластанған деп бағаланады, ал “Атом” көлінің суы аталмыш көрсеткіштер бойынша 5 класқа жатқызылады, яғни лас сулы экологиялық жүйе деп бағаланады.

**5-кесте. Гидробиологиялық сапасы арқылы су көздерінің ластану деңгейін бағалау.**

<u>Биологиялық организмдер</u>	Бағалау индексы	Шаған өзені	Шаған көлі	“Атом көлі”	Ашысу өзені
Перифитон	Тұрлар саны	12	3	-	13
	Индекс	2	1,9	-	1,7
	Сапа деңгейі	3	3	-	3
Фитопланктон	Тұрлар Саны	5	7	2	7
	Индекс	1,9	1,7	-	1,9
	Сапа деңгейі	3	3	-	3
Зоопланктон	Тұрлар Саны	3	5	1	5
	Индекс	-	1,6	-	1,8
	Сапа деңгейі	-	3	-	3
Бентос	Тұрлар Саны	6	2	3	4
	Индекс	5	2	1	2
	Сапа деңгейі	3	5	6	5
Су сапасының интегралды көрсеткіші		3	4	5	4

Зерттеу жұмыстары жүргізілген су көздерінің ішінде тек Шаған өзенінің суы ғана әзірge орташа таза деңгейде (3 - класты) деп бағаланып отыр. Әзірge дейтініміз Ертіс орта өніріндегі осы аймақтың радиоэкологиялық жағдайлары күн сайын өзгеруде десек қателеспейміз. Өйткені жабылған штолъялар орналасқан Дегелен тау қойнауынан шығып жатқан су жылғаларының радиоактивті заттармен ластанғандығы жайлыш жоғарыда әнгіме қозғаған болатынбыз.

Міне, осындай радиоактивті ластанған полигон аймағына көршілес орналасқан ауыл тұрғындарының пайдаланатын ауыз су сапасын зерттеу басты міндеттердің бірі болды. Бірден айта кеткен дұрыс болар, сол мекендердегі басты су құбырларынан алынатын ауыз судың құрамындағы радиоактивті заттарды іздеу жұмысы еш нәтиже бермеді, түсініктірек айтсақ, ауыз су ол заттардан таза екен. Сол себептен, алдымызға полигонға көршілес жатқан ірі мекендердің ауыз сүйніндағы басқа ингредиенттерді зерттеу мақсаты қойылды (қар.б-кесте).

6-кестеде көрсетілгендей ауыз судағы зиянды ингредиенттердің мөлшері шекті рауалы концентрациядан төмендеу екендігі байқалды. Дегенмен, судың керментілігі тек аудан орталығы Көктөбе селосындағы су құбырларынан алынған суда ғана төмен болса, басқа ауылдың сularында кермектілік жоғары деңгейде екен.

Сол сияқты басқа ингредиенттер мөлшері де аудан орталығында қалыпты деңгейде көрінеді, тек темірдің мөлшері ғана шекті рауалы концентрациядан жоғарырақ. Ал ауыз судағы сульфаттар мен хлоридтер Малайсары және Саты ауылдарында көбірек екендігі байқалады.

Республикамыздағы "Ауыз су" бағдарламасына сәйкес орнатылып жаткан су тазартқыш қондырғыларының жұмыс нәтижелері аса көңіл толарлық жағдайда емес. Мүмкін оның басты себептері әртүрлі ұйымдастыру шараларымен де байланысты болар. Дегенмен, бұғінгі ауыз су сапасының тазартылмаған табиғи су күйінен айырмашылығы әзірge шамалыг күйде екендігі 6-кесте мәліметтерімен анықталды. Сөйтіп, берілген сандық мәліметтерге қарағанда "Малайсары" және "Саты" ауылдарындағы ауыз суда сульфаттардың көбірек мөлшерінің байқалуы мамандардың назарында екендігі аудандық бағдарлама шараларынан аңғарылады.



**6- кесте. Нолигон аймағына жақын қоныстаған кейбір ауылдардағы ауыз судың санасы.**

Ингредиенттер атауы	Өлшем бірлігі	Шекті рауалы конц-сы	Көктөбе	Баскөл	Малайсары	Саты
Судың кермектілігі	Моль/дм <sup>3</sup>	7	<u>4,2</u> 3,1	<u>8,9</u> 8,6	<u>7,7</u> 7,2	<u>8,0</u> 7,6
Нитраттар	Mг/л	10	<u>3,1</u> 2,8	<u>2,1</u> 1,9	<u>1,2</u> 0,9	<u>4,2</u> 3,8
Сульфаттар	Mг/дм <sup>3</sup>	500	<u>200</u> 108	<u>214</u> 194	<u>510</u> 493	<u>496</u> 415
Темір	Mг/дм <sup>3</sup>	0,3	<u>0,5</u> 0,4	<u>0,2</u> 0,1	<u>0,3</u> 0,1	<u>0,05</u> 0,04
Хлоридтер	Mг/дм <sup>3</sup>	350	<u>68</u> 54	<u>120</u> 118	<u>121</u> 118	<u>200</u> 180

**Ескерту:** Алымында - табиғи ауыз су көрсеткіші;

Бөлімінде - тазартылған ауыз су көрсеткіші;

## **З-тaraу. Топырақ-өсімдік қабатының экологиялық күйіне баға беру мүмкіндіктері.**

### **3.1. топырақ қабатының ластануы.**

Топырақ құнарлығы адамның іс - әрекетіне байланысты. Өсімдіктердің сумен, коректік затпен және ауамен қамтамасыз етілуі биогеоценоз құрайтын тірі организмдер жиынтығы мен топырақтың үздіксіз байланыста болуы арқылы жүзеге асады.

Соңғы жүз жылдықта топырақ эрозиясы салдарынан ғаламшарда 2 млрд. га жердің топырақ құнарлығы азайғаны анықталған. Жалпы жердің 11% ғана ауыл шаруашылығына қолданылатындығы белгілі. Ал сол жер бетіндегі тең жартысы жүдеулікте болғандықтан, оларды өндіре тиімсіз деп санайды. Соңғы 10 жыл аралығында өсімдік өнімділігі 20%-ға кеміген. Осындағы жағдайлардан болса керек, әлем бойынша, азық түліктің жетіспеушілігі байқалуда, ақуыздың тапшылығы 20 млн. тонна шамасын құрайтындығы анықталған.

Жер бетінде азық-түліктің тапшылығымен қоса улы қоспалардың әсерінен ауыл шаруашылық өнімдері сапасының төмендеуі де байқалады. Топырақ құнарлығын жақсарту мақсатында ғаламшарымыздағы егістік алқантарға жыл сайын 400 млн. тонна минералды тыңайытқыштар мен 4 млн. тонна әртүрлі химикалтар шашылады екен.

Пестицидтерді қолдану тек егіс зиянкестерін ғана құртып қоймай, трофикалық тізбек арқылы адамға да қауіп келтіреді. Қазіргі кезде өндірілген өнімнің сапасы топырақ қабатының, атмосфераның және сулы әкожүйенің ластануымен анықталады.

Әкожүйенің дербес реттелу процесіне және тіршілік ету қабілетіне, сөйтіп, биосфераның жалпы балансының өзгеруіне адам баласының ықпалы өте зор. Адам өз іс-әрекеттері арқылы негізгі биофилді элементтердің (көміртегі, оттегі) биогеохимиялық циклдарын өзгертуге, улы заттардың ыдырауына және жеке элементтердің биосфераға таралуына туралай ықпал ете алады.

Оқінішке орай, адам биосфераның барлық компоненттеріне негативті әсер ету арқылы биосферада тұйық шенбер жасай алады. Мұндай әсерлер ықпалын қазіргі таңда су, ауа, топырақ қабаттары сапасының өзгерулерінен де аңғаруға болады. Сондай-ақ, минералды және

биологиялық қорларды рақымсыз пайдалану істері де жаңандық проблемалар тудыруда.

Ғаламшардың кез келген бөлігінде адам әрекетінің іздері бар десек кателік жок. Мұнай, көмір, газдың жанған қалдықтары, химиялық өндірістер қалдығы, улы химикаттар мен тыңайтыштар Жер бетіндегі барлық зат айналымына қатысу арқылы атмосфераға, мұхитқа және құрылышқа кеңінен таралуда.

Адам баласының іс-әрекеті арқылы топырақ қабатында ерекше көңіл бөлінетін орта агроценоз немесе технобиогеоценоз қалыптасады. Адам баласының азық-түлікке тұтынысының артуына байланысты, ауыл шаруашылық істерінің белсенділігі өсті. Нәтижесінде, табиғи биогеоценоздар жыртылған жермен (аңыз), бау-бақша, суармалы шалғын, жасанды жайылым сияқты агрожүйелермен алмасуда.

Агроценоз - жерді ауыл шаруашылығы мақсатына қолдану нәтижесінде қалыптасатын жасанды биоценоз. Оны қалыптастыру кезінде жоғары өнімді шөптер немесе дара дақылдар егіледі; мелиорациялық шаралар жүргізіледі (құрғату немесе қолдан суару шаралары); тыңайтыштар мен зиянкестерге және арамшөптерге қарсы улы химиялық заттар шашылады.

Адам баласының кеңістікте ауыл шаруашылығы мақсатындағы іс-әрекетінен қалыптасатын жануарлар мен өсімдіктердің жасанды қауымдастығын - агробиогеоценоз деп атайды. Оған егістік алқаптары мен жануарлар комплекстері де жатады. Агробиогеоценоз табиғи ортамен бірлесе қызмет атқарады. Биосфераның құрамдас элементі болғандықтан табиғи биоценоз компоненттеріне де әсер етеді. Сонымен бірге, олар коршаған ортандың физикалы-химиялық факторларымен қатар жабайы андар және жыртқыш құстардында ықпалында болады.

Агробиогеоценоз табиғи сақталған биогеоценозбен салыстырғанда өзінің шығу тегі, құрылымы, тұрақтылығы, өнімділігі сияқты қасиеттерімен ерекшеленеді. Экологиялық тұрғыдан қарағанда біртекті немесе дара дақылдар егілетін агроценоздар қарапайым, кедейлеу болады. Сондықтан экологтар оны тұрақсыз биожүйе деп есептейді. Мұндай жүйелерде зиянкестердің даму қарқыны күшейеді.

Ауыл шаруашылығы өндірісінде биосфера компоненттерінің біртұастылығы, олардың өзара байланыстары мен қарым-қатынастары

кей жағдайда ескерілмей жатады. Тыңайтқыштар мен улы химиялық заттарды дұрыс қолданбаудан агробиогеоценоздағы үй хайуанаттары мен жабайы жануарлар, мәдени өсімдіктер мен арам шөптер, пайдалы және зиянды бунакденелілер зардап шегеді.

Агроценозды жасау табиғи экожүйелердің дамуы туралы заңға негізделуі керек, яғни міндепті түрде организмдердің көптүрлілігін ескеру қажет. Сондай-ақ, зиянкестермен құресудің биологиялық әдістерін дамыту, ауылшаруашылық дақылдарын қолайлы дұрыс орналастыру, топыракты арнайы тиімді тәсілдермен өндеу, ауыспалы егістік және жайылым-шабындық сияқты шараларды еңгізу туралы заңдылықтарды ескерген дұрыс.

Биоценозда мекен етуші түрлердің өнімділігін арттыру мен биосфера дағы түрлердің алуан түрлілігін сақтап қалу үшін шаруашылықтағы барлық мәселелерді экологиялық заңға жүгіну арқылы шешу керек.

*Топырақ қабатының ластану сипатын төмендегідей ажыратуға болады:*

1. Химиялық ластану (пестицидтер, ауыр металдар, радионуклидтер, мұнай қемірсүтектері мен минералды тыңайтқыштар).
2. Биологиялық ластану (ақуыз өндірудің микробиологиялық жолдары мен АДҚ (ақуыз-дәрумендік концентрат), патогенді, энтомопатогенді бактериялар арқылы).

Адамдардың табигатты қорғау мәселесін ескермей өнеркәсіптік іс-әрекеттерін жүргізуі қоршаған ортаның, соның ішінде: топырақ қабатының ластануына зор ықпал етеді. Нәтижесінде, топыракты ластайтын өнеркәсіп пен құрылым қалдықтарының, жылу-, электр-станцияларынан шығарылған күл, басқа да қалдықтар мен мұнай өнімдерінің “индустриалды шөлдер” ошағын қалыптастыруы бүгінгі күннің көріністері.

“Индустриалды шөлдер” телімінде ешқандай өсімдік өспейді. Себебі, ластағыш затпен табиғи жағдайда топырақта өте аз мөлшерде кездесетін (күкірт, молибден, мыс, кадмий, мырыш, күміс, мышьяқ, алюминий, никель, вольфрам, натрий, хлор, темір, титан, бор, барий, фосфор) химиялық элементтер көп мөлшерде түседі. Сонымен бірге топырактағы химиялық элементтердің өзара кейбір табиғи байланыстары үзіледі.

Топырак қабатында кездесетін деградацияның барлық түрі, өсімдіктердің ауыр металдармен ластануына сезімталдығын арттырады. Кейде өсімдіктердің вегетативті және репродуктивті мүшелеріндегі металл иондарының концентрациясы шекті рауалы концентрация мөлшерінен аспайды. Бірақ, топырак құрамындағы элементтер мен өсімдікке түскен ластағыштардың ара-қатынасының өзгеруі экологиялық қауіп тудыруы мүмкін. Мысалы, биогеохимиялық процестің бұзылуымен кальций-стронций және кальций-фосфор ара-қатынастарының өзгерістері аса қауіпті болады.

Табиғи қалыптағы жағдайда болатын топырак қабатының деградациясына экологиялық қауіпсіздік түрғысында баға беру үшін алдымен өсімдік түрлерінің әр алуандылығы мен оның минералды коректену ерекшелігін анықтау керек. Содан соң, оны малға азық, ал адамға тағам ретінде пайдаланудың потенциалды қауіптілігін де ескеруге болады.

Қоқыс тастайтын срындар алдын ала әзірленбекенде тұрмыстық және өнеркәсіптік қалдықтарды қоршаған ортаға шығару топырак қабатының ластануына әкеледі. Мұның қатарына, түрғын үйлер мен қоғамдық ғимараттардан шығарылатын қоқыстар, полиэтиленнен жасалған түрлі қалталар, өнеркәсіп пен азық-түлік өндіріс орындарынан шығарылатын қалдықтар, көше сыпырындылары, моншадан ағатын сарқын сулар сияқты басқа да зиянды қосылыстар мен заттар жатады. Қоқыс дұрыс жою немесе пайдаға асыру қоршаған орта тазалығын сақтаудың басты кепілі болып табылады.

Көшедегі көк мұзбен күресу үшін пайдаланылатын тұздар мен синтетикалық қоспалар топырак қабатына біршама зиянды әсер тигізеді. Еріген қар суымен және жауын суларымен бұл тұздардың біраз бөлігі суаттарға ағады, топырак ерітіндісіне қосылады, сөйтіп топырак құрамындағы ертіндінің құрамы мен реакциясын өзгерtedі.

Топырактың ластануына өнеркәсіптік өндіріспен бірге ауыл шаруашылығы өндірісі де көп “үлес” қосады. Әсіреле, мал шаруашылығының қосар үлесі мол. Сұйық көнді дұрыс сақтамау салдарынан, олар жыраларға ағып, жер асты ыза суларын ластайды. Сондыктан, фермадағы тазалағыш қондырғыларды аса мұқият, экологиялық негіздерге сүйене отырып, орнату керек.

Жанар-жағар майлардың дұрыс сақталмауынан және қалай болса солай тасымалдануынан олар топырақты былғайды, нәтижесінде еніп, биологиялық белсенділігіне қысым жасайды. Минералды тыңайтқыштарды өсімдік алқабының маңына немесе жол бойына қалдыруға тиым салынады. Сонымен қатар, пестицидті өте жиі қисынсыз қолдану салдарынан топырақ ерекше ластанады. Улы химикаттар топырақ қабатында шоғырланып, мекен етуші тірі организмдердің жойылуына тікелей ықпал жасайды. Нәтижесінде, топырақ қабатының түзілу процесі мен оның құнарлығына зиян тигізеді.

Пестицидтер топырақ құрамына тікелей немесе өндөлген тұқымдар арқылы да енеді, сондай-ақ өсімдік пен жәндік қалдықтарының ыдырауынан түзілуі де мүмкін. Сөйтіп, топырақтан суға, мал азығына және тағамға жетуі ықтимал. Пестицидтер топырақ биотасына және топырақтың биохимиялық белсенділігіне өте күшті әсер етеді.

Әсіресе, кумулятивті және тұрактылығы бірнеше жылға созылатын пестицидтер өте қауіпті болады. Мысалы, триазин мен симтриазин негізіндегі препараттар. Олар топырақ қабатына енгізілгеннен кейін 8-12 жыл бойына зиянды хлоорганикалық (ДДТ, хлоран, гептахлор) инсектицидтар бөлөтін химикат ретінде белгілі.

Негізінде пестицидтар топырақтың үстінгі қабатында түзіледі, бірақ біртінде жылжып 1м-ден астам терендікке қоныстануы да мүмкін. Оның ену терендігі мен жылдамдылығы өзінің химиялық қасиеті мен топырақ биотасы құрамының ерекшеліктеріне байланысты болады.

Топыракқа енген пестицидтар сазды минералдарға сіңіп, химиялық реакцияға түседі, сонан соң микроорганизмдер көмегімен ыдырайды және тасымалданады.

Топырак қабатының пестицидтен өздігінен дербес тазару процесіне микроорганизмдермен бірге басқа да топырақ қабатындағы тірі организм топтары зор үлес қосады. Мәселен, аяққұйрықтылар, кенелер және т.б. пестицидтің белсенділігін, оның химиялық құрамын өзгертуге қабілетті. Ірі омыртқасыздар (жауын құрттары), ін қазғыш андар (көртышқан мен жертесер) топырақты қосыту арқылы ластанған беткі қабатын теренірек бөліктерімен араластырады.

Тағы да айта кетсек, топырақ қабатын ластауда мұнай мен мұнай өнімдері ерекше орын алады. Ластану құбылысы негізінен өнімді шығару, тасымалдау, химиялық қайта өндіру кездерінде пайда болады.

Мұнай - барлық тірі организмдерге аса улы екендігі баршамызға аян. Өсімдік жасушалары мен оның тамырына түсіп, өте уландырғыш қабілетін танытады: көптеген өсімдік түрінің жапырақтары түсіп, әлсізденеді, хлорофилдері мен каротиноидтары жойылады. Мұнайдың, әсіресе жас өскіндерге зияны зор, өсімдіктердің гүлденуін кешеуілдетеді (тежейді). Кейде өсімдіктердің тұқым бермеуі де ықтимал.

### **3.2. Ертіс өніріндегі өсімдік-топырақ қабатының экологиялық құйі.**

Өсімдіктің өсуі топырақтағы су мен газ режимінің бұзылуына, сульфид және фенолды коспалармен улануына, марганец мөлшерінің артық болуына байланысты тежелуі мүмкін. Мұндай да фитоценоздың құрамдық түрлері азаяды, морфологиялық өзгерістер (тырбық өсімдіктер, қаспактар мен бұлтықтар) айқын көрінеді. Өсімдіктерге қоректік заттың жетуі баяулайды.

Мұнай өнімдерімен ластанғанда топырақтағы омыртқасыз жәндіктер жаппай қырыла бастайтынын байқауға болады, мұны мұнайдың тікелей улы әсерінің ықпалы деп түсінеміз.

Органикалық зат түзуге және топырақ құнарлығын сактауға зор үлес қосатын микроб бірлестіктерінің тіршілігіне мұнай өнімдерінің әсері шексіз. Соңдай-ақ, микроорганизмдер ішінде мұнай тотыктырушы бактериялар да кездеседі.

Кезінде мәдени өсімдіктер өсірілген көптеген елдердің құнарлы жерлері, көне орман алқаптары мен шабындық, жайылымдары казіргі таңда казылған карьерлер мен үйінділерге толы болуы таң қалдырмайды. Шаруашылық мақсатта атқарылған іс-әрекеттер (пайдалы қазбалар шығару, жол құрылышы, құбыр салу және т.б.) нәтижесінде өсімдіктері сиреп немесе жойылып, гидрологиялық режимі мен рельефі өзгерген топырак қабатын бұлінген немесе ластанған жерлер яғни азыған (бұзылған) орта деп атайды.

Жер бетінің барша ландшафтыларына адам баласының белгілі бір деңгейде ықпалы тиюде. Адамдардың іс-әрекетінен пайда болатын аймактарды антропогенді ландшафтылар деп атап жүрміз.

Антропогенді ландшафтыға қойылатын негізгі талап - адам денсаулығы үшін қолайлы жағдайда болуы. Сонымен қатар, жасанды жаңа ландшафттылар эстетикалық талғамға сай болуы керек.

Биосферада негізгі орын алатын ерекше ландшафт салынып жатқан темір мен тас жолдардың, мұнай және газ құбырларының маңын жайланаған жабайы андардың мекен ету орталықтары. Антропогенді ландшафттылар осы жануарлардың паналайтын жерлері (әсіресе тұзды суаттар, батпакты және шалшықты жерлер) мен демалыс орындарына нұсқан келтірмеу керек.

Көбінесе, қала құрылышында және ашық әдіспен пайдалы қазбаларды өндіу мен орман ағаштарын жаппай отау кезінде, сондай-ақ темір мен тас жолдарды салғанда пайда болатын антропогенді ландшафттылар жаңа экологиялық орта қалыптастырады.

Ертістің орта өңірі негізінен Павлодар облысының басым бөлігін және Шығыс Қазақстан облысының біршама аумағын қамтиды. Өнеркәсіптік және ауыл шаруашылығы өндірістері дамыған аймақ саналады. Бұл өңірдің өсімдік-топырақ қабаты ең алдымен табиғи жайылым мен шабындық көзі болып табылады. Өсімдіктер қауымдастырының құрамы мен топырақ қабатында болатын өзгерістердің басты себептері, басқа тарауларда айтылғандай, адам баласының іс-әрекеттерінен туындағын табиғи қорларға шектен тыс жасалған ықпал екендігі көпшілікке түсінікті болар.

Осындай өзгерістердің болу ықтималдығы мен табиғи қорларды пайдалану шектерін анықтау мүмкіндіктері экологиялық болжамсыз шешілмейді. Элбette, табиғи ортаны шаруашылық мақсатында игеру мәселесін жоспарлау мен экологиялық күйіне болжам жасау қатарлас комплексті тұрде атқарылатын шаралар. Міне, сол тұрғыдан Ертістің орта өңіріндегі табиғи мал-азықтық ортасының өсімдік-топырақ қабатын ландшафтты-экологиялық әдіспен зерттеу үйымдастырылды.

Ертістің орта өңіріндегі мал-азықтық орта негізінен Құлынды даласы мен Ертіс бойындағы жайылымдар және тогай шалғындарындағы шабындықтардан тұрады. Соңғы 50 жыл аралығындағы антропогенді, оның арасында техногендік ықпалдың нәтижесінде бұл мал-азықтық ортасын әжептәуір аумағы әртүрлі деңгейдегі деградацияға ұшыраған. Соның басты себептері төмендегідей:

- Пішен дайындастын малазықтық ортада шабындық-ауысымының болмауынан олардың өнімділігі күрт тәмендеген, өсімдік түрлері сиреген, оның ішінде аса құнды азықтық қасиеттері бар түрлердің азаюы байқалған;
- Жайылымдық ортада оларды дұрыс пайдалану және күтіп-баптау технологияларының сақталмауынан және жайылым ауысымының бұзылуынан олардың өнімділігі тәмендейді, мал суаратын су көздерінің төнірегі тақырланып, улы, мал жемейтін өсімдік түрлерінің көбеюі аңғарылады;
- Әртүрлі өнеркәсіп өндірісінің даму қарқындылығы артқан сайын малазықтық ортаның ауыр металл иондарымен, әрқылы химиялық заттармен ластануы күн өткен сайын сезіліп отыр;
- Өсімдік-топырак қабатының табиғи қоректік қоры азайған, тыңайытқыштармен қоректендіру ісі технологиялық талаптарға сай емес, яғни агрохимиялық қажеттілік қанағаттандырылмайды немесе нормадан артық тыңайытқыш шашу өсімдік-топырак қабатын ластаумен бірге көршилес су көздерін және табиғи ортаның басқа да компоненттерін химиялық заттармен бұлдіреді. Бұл құбылыс өсімдік-топырак қабатында гербицид, пестицид сияқты улы химикаттарды пайдаланғанда да байқалады;
- Тоғайдағы шалғындықтардың өнімділігі мен мал-азықтылық құндылығы Ертіс өзенінің гидрологиялық режиміне тәуелді, яғни көктемде өзен суының тасуына байланысты шалғындардың экологиялық күйі, оның динамикалығы мен орнықтылық жағдайлары анықталады;
- Шалғындарда Ертіс өзенінің тасуы мен су жайылуы оларға берілетін ылғалдарыту шарасы іспеттес, ал олардың әртүрлі деңгейде қалыптасуы шалғынды жерлердің өсімдік құрамының өзгеруіне ықпал ету дәрежесі бірнеше жыл аралық айырмашылығымен айқындалады;
- Бұл өнірде бұрынғы Семей ядролық сынақ полигонының орналасуына байланысты жүргізілген ядролық жарылыстардың әсерінен өсімдік-топырак қабатының радиоактивті заттармен ластанғандығы да дәлелденген. Әртүрлі шаруашылық әрекеттерінің, мал мен техника жүрістерінің ықпалымен өсімдік-топырак қабатына түскен радионуклидтер көршилес аймақтарға миграциялану нәтижесінде қайталай ластану құбылысы да аңғарылған.

Ертіс өзенінің бойын жайлаган тоғайлы шалғындар Шығыс Қазақстан, Павлодар және Омбы облыстарының аймағында жалпы аумағы 595 мың гектар жерді қамтиды. Павлодар облысының үлесіне оның 60%-дан астам бөлігі тиеді екен.

**7-кесте. Павлодар облысына тиесілі Ертіс өзені бойындағы шалғынды жерлердің шаруашылықтық таралымы.**

Жердің санаттары	шаруашылықтық	Аумағы, га
Жыртылған жерлер (бакшалар)		1610
Көпжылдық екпе алқаптары		141
Шабындықтар		230477
Жайылымдар		26305
Ормандар мен бұталар		42968
Сортан жерлер		537

7 - кестеде көрсетілгендей, облыстағы шалғынды жерлердің 61%-ы шабындықтардың үлесінде болса, ормандар мен бұталар 11% - дай бөлігін алғып жатыр, ал 7% –ы мал жайылатын жерлер екен. Шалғынды жерлердің жұпар иісі аңқыған жасыл желегі 500 шақырымнан аса созылып, Павлодар облысының тыныс алар жүйесі тәріздес маңайында орналасқан ірі өнеркәсіп пен энергетикалық кәсіпорындардың шығарындыларынан атмосфералық аймақты қорғауда. Мұндағы орманды-бұталар, шалғындар, көлдер, жылғалар арқылы өзіндік микроклимат жасалған. Бұл өнірдің ерекше табиғи орта екендігін түрғындардың баршасы мойындайды.

Ертіс өзені шалғындарының өсімдіктері ластаушы заттар мен шулы орта үшін фитофільтр (сүзгі) іспеттес, әрі олардың рекреациялық және эстетикалық маңыздылығы бір төбелік құндылықпен белгілі.

Шалғындардың ормандармен бірігуі арқылы жасалған агроландшафты экологиялық орта ретінде қоректік заттардың биогеохимиялық циклдарын қалыптастыру, эрозияға тосқауыл болу, пайдаланылған тыңайтқыштар мен пестицидтерді сініру арқылы олардың су көздеріне түспеуін қамтамасыз ету сияқты экологиялық аса маңызды функцияларды атқаруда орны ерекше.

Бұғынгі жаңарған ауыл шаруашылығы ландшафттыларын қалыптастыруды шалғынды алқаптарда егістік жерлер аумағы азайып, көпжылдық шөптесін қауымдастықтар үлесі арта түсуге тиісті. Сөйтіп, аймақтың “жасыл кілемі” тәріздес шалғынды жерлер агрозекожүйенің биологиялық әркилшылығын сақтаушысы ретінде “ландшафт сәулеті” аталуы бұл өнірдің экологиялық маңызын айқындай түседі. Орыс халқының “Шалғын-егістік анасы” деген мәтелінің мәні тереңде жатса керек.

Облыстағы жер қорының аумағы 12470,5 мың гектар, соның ішінде ауыл шаруашылығы өндірісінде - 3375,5 мың гектар пайдаланылады. Шабындықтардың ішінде құнды әрі мол өнім беретін бөлігі – шалғындар.

Ертіс өзенінің бойындағы шалғынды жерлердің топырақтары әрқилі: жеңіл құмдақты топырақтан бастап ауыр сазды топырақтарға дейінгі түрлері дамыған ( қар. 8-кесте).

Ертіс өзенінің шалғындары үш бөліктен тұратындығы белгілі: Террасалық шалғындар, орталық шалғындар және арналық шалғындар деп бөлінеді.

*Террасалық шалғындар* – ұзак мерзім тасқын сулардың ықпалында болатын бөлігі. Оларға батпақтану құбылысы тән.

*Орталық шалғындар* – негізгі шабындықтық бөлігі. Тасқын сулардың мұндағы жайылуы тиімді, әрі ыза суларының деңгейі жер бетіне жақын болғандықтан бұл шалғындардың су режимі өсімдіктер үшін өте қолайлы саналады. Коректік заттардың тасқын сулармен шалғынға бірге келуі қалыпты экологиялық ортаның түзілүіне ықпал етеді. Нәтижесінде, шалғынды жерлерде құнды әрі жоғары өнімді өсімдіктердің дамуына жағдай қалыптасады.

*Арналық шалғындар* - өзен анғарынан жоғарырақ рельефте, жағалаулық жінішке белдікте созыла қалыптасадан. Басқалармен салыстырғанда аумағы шағын болады, кейбір жерлеріне тіпті тасқын сулары шықпайды, яғни жайылмайды, ал жайылған жерлеріндегі су деңгейі ұзак тұрмайды, тез қайтады. Жер асты ыза суларының жер бетінен деңгейі алыстау, әрі коректік заттарының қоры аздау болғандықтан өсімдіктердің өнімділігі төмен. Мұнда шалғынды өсімдіктердің орындарын кейбір далалық шөп түрлерінің басуы экологиялық тұрғыда бұл өнірде “өсімдік алқаптарының далалануы” деген құбылыстың тіркелуімен белгілі.

**8-кесте. Ертіс орта өңіріндегі топырақтардың физикалы-  
механикалық қасиеттерінің сипаттамасы.**

Литологи ясы	Ұлес тік салм ағы, г/см <sup>3</sup>	Көлем дік салмағ ы, г/см <sup>3</sup>	Қанқасы ның көлем салмағы, г/см <sup>3</sup>	Кеуе ктілі гі, %	Таби ғи ылға лдыл ығы, %	Max. молек улалы к ылғал сыймд ылығ ы %
<u>Сазды</u> , ауыр саздақты топырақт ар	2,72	1,71	1,44	46,5	20,5	17,4
<u>Женіл</u> және орташа саздақты топырақт ар	2,68	1,63	1,52	44,1	12,6	11,9
<u>Құмдар</u> топырақт ар	2,68	1,62	1,52	41,1	8,2	7,6

Ертіс өзенінің шалғындары Павлодар облысының аумағында ерекше небір тарихи көне ескерткіштерге толы көрінеді. Май ауданына қарасты “Жұмыскер” ауылының жерінен erte заманда күйдірілген кірпіштен салынған ғимараттың іздері табылған. Сол қазба орнына жақын тұста Ертіс өзенінің бір сағасы Қалыбай өзені ағып жатыр, оны ертеректе Калбасунка өзені деп атаған. Ал бүгінгі күні Ертіс шалғындарының сегізінің біреуі “Қалыбай алқабы” деп аталады. Мұны айтып отырғанымыз, тарихтан белгілі “Қалыбасұн мұнарасы” жоғарыда айтылған көне ескерткіштердің бірі, ал оның көзін ашқан Павлодар облыстық тарихи - өлкетану мұражайы ұйымдастырған археологтар экспедициясы болатын. Бұл экспедицияны

басқарған атакты жерлесіміз, жақында ғана 100 жылдығы аталған академик Ә. Марғұлан болғандығын мақтаныш етеміз.

Соныменен, Ертістің орта өңірі осындай тарихи бай, біртұтас табиғи-шаруашылықтық комплекс бір кездері тамыры тереңге кеткен биологиялық әрқиалылығымен, ағыл-тегіл флорасы мен фаунасы бар ерекше экологиялық жүйе ретінде танылатын еді. Кейінрек (1950, 1959-1963ж.ж.) Ертістің жоғары тұсынан гидроэлектростанция құрылышының салынуына және Бұқтырма суқоймасының толтырылуына байланысты өзеннің тасуы мүлдем тоқтатылып қалған болатын. Бұл жағдай Ертіс өзеннің табиғи тасу режимін бұзды. Сол 5 жылдың ішінде, жоғарыда айтЫЛғандай, тамаша жасыл желекті шалғынның “далалануы”, шалғынды өсімдіктердің әжептәуір түр өзгерімдері байқалған болатын.

Әйтеуір, 1964 жылдан бастап Ертіс шалғындарына Бұқтырма суқоймасынан жыл сайын көктемде арнайы су босатылатын болды. Сөйтіп, шалғындарда жасанды тасыған сулардың жайылуы байқала бастады. Содан бері жылына бір рет өзеннің жасанды тасуымен болатын су жайылмасы шалғындардың біршама жақсаруына, яғни жоғары ылғалдылық жағдайында жаңаша қалыптасуына ықпал етті. Алайда, жасандының аты “қолдан жасау”, әзірге берілетін су көлемінің мөлшері жеткіліксіз, өсімдік-топырақ кабатының қажетті ылғалдылық режимін ұстай алмай отыр. Соның әсерінен шалғындардың өнімділігі төмен, бұрынғы күйге жете алмай тұрған жағдай бар. Әйткені, Бұқтырмадан реттемелі су жіберу науқанына дейінгі табиғи су тасуының екі кезеңі бар болатын: бірінші кезеңінде – Ертіс алабының тау жоталарындағы қарлардың көктемде еру нәтижесінде өзен тасыса, екінші рет өзеннің тасуы жазда Алтай тауларының басындағы қар мен мұздардың еруіне байланысты еді. Ол уақытта шалғынды шабындықтардың өнімділігі гектарына 50-60 центнерден айналады екен. Бұгінгі таңда бұл жағдайдың орнын толтыру үшін жоғарыдағы суқоймаларынан жіберілетін су көлемін ұлғайту қажет.

Ертіс шалғындарының қазіргі қалыптасу жағдайларына жасалған талдау нәтижесі өсімдіктердің вегетациялық кезеңіндегі топырақ ылғалдылығы жеткіліксіз екендігін көрсетті, сол себептен олардың өсу қарқыны төмен деңгейде болады деген тұжырым бар. Қорыта айтқанда, шалғындардың өнімділігін қалыптастыруда оған жіберілетін жайылма судың режимдік сипаты басты роль атқарады.

Ертіс шалғындарының агроэкологиялық әлеуеті жоғарылаған сайын оның азықтық фитомассасының өндірілуі арта түседі. Жалпы, агроэкологиялық әлеует дегеніміз белгілі бір экологиялық ортаның ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру қабілеті.

Кез-келген аймақтағы өсімдік үшін әрқайсысының жекелей биологиялық массасын анықтау практикалық тұрғыда мүмкін емес. Сол себептен ботаникалық-экологиялық әлеуетін таразылағанда, көбінесе белгілі бір аумақта бір жылда өндірілетін өсімдік массасымен (шебі, пішені, абсолютты құрғақ заты) тәрелік айтады, яғни біздің осы жағдайымызда шалғынды шабындықтардағы пішеннің шығымдылығымен анықталады.

Пішеннің шығымдылығы өсімдіктердің экологиялық күйін сипаттаушы басты көрсеткіштердің бірі. Шалғындағы пішен шығымдылығы негізінен үш факторға тәуелді десек қателесспеспіз, олар:

1. топырақтың құнарлығы (қоректік режимі);
2. ауаның температурасы (температуралық режимі);
3. су жайылымының ұзақтығы (ылғалдылық режимі);

Топырақ құнарлығы жүздеген жылдар бойы қалыптасқан ғой, ал қыска мерзім ішінде (1-2-5 жыл) табиғи жағдайда оның өзгере қоюы екіталай. Оған дәлел, белгілі бір аймақтағы шалғынның пішен шығымдылығын әр жылдары анықтап, салыстыру нәтижесі, топырақ құнарлығы табиғи жағдайда аса өзгермейтін күйде болған-ау деген ой туғызады.

Пішеннің шығымдылығына ауа температурасының  $0^{\circ}\text{C}$ -тан  $10^{\circ}-15^{\circ}\text{C}$ -ка көтерілу кезеңіндегі жылыштықтың әсері зор, ал  $+20^{\circ}\text{C}$ -тан  $+30^{\circ}\text{C}$  аралығындағы ыстықтың ықпалы шамалы. Егер Павлодар облысының аймағында ауаның жаз айтарындағы күндізгі температурасы осы шаманы ( $+20^{\circ}-30^{\circ}\text{C}$ ) құрайтындығын ескерсек, онда әр жылдары алынатын пішен шығымдылығына температуралық режимнің әсері онша көп емес деуге болады.

Ал су жайылымының ұзақтығы шалғынды топыраққа бір рет берілетін ылғалдарыту шарасының дәрежесі іспеттес. Сол себептен аса өзгере қоймайтын топырақ құнарлығы мен температуралық жағдайында су жайылымының ұзақтығы шалғындағы пішеннің шығымын анықтаушы негізгі фактор саналады. Осыдан келіп, су жайылымының ұзақтығы мен пішен шығымдылығының арасында тұра тәуелділік бар деген тұжырым

туындаиды, яғни су жайылымы неғұрлым ұзак тұрса, соғұрлым мол пішен алынады деген есептің болуы ғажап емес. Алайда, осы әдістемелік есептің өзіндік көмшіліктері бар:

- бұл әдіспен тек бір фитоценозға жататын өсімдіктері бар шалғынға ғана объективті түрде баға беруге болады;
- бұл әдіспен объективті түрде баға беру үшін шалғынды жерлердің әр түсынан (зерттелетін телімдерден) алынатын шөп түсімі бір мезгілде (бір уақытта) орындалуы басты шарт.

Бірақ та, бұл әдіс киындығына байланысты тек ауыл шаруашылығы дақылдарымен жүргізілетін тәжірибе жұмыстарында ғана қолданылады.

ХХ ғасырдың екінші жартысында орыс ғалымы Л.Г.Раменский (1956) ұсынған әдіс арнайы экологиялық кестелер көмегімен мал азықтық жерлердің экологиялық бағасын беруге мүмкіндік туғызды. Бұл әдіс кез келген өсімдіктер топтамасының өсіп тұрған ортасының ылғалдану дәрежесіне лайықты баға беруде қолайлылығымен танылды. Осыған байланысты дәл осы жұмысты жүргізу үшін әдістемелік басшылыққа алынды.

Арасына ширек ғасырға жуық уақыт сала отырып, жоғарыда аталып өткен әдіспен салынған экологиялық профильде белгіленген өсімдіктер топтамасының доминанттары мен эдификаторлары тіркелді, олардың шығымдылықтары аныкталды. Сондай-ақ, өсімдіктердің түрлері мен контурлары бойынша олардың шығымдылықтары мен алып жатқан аумақтары есептеліп шығарылды, карталары жасалды және ылғалдану дәрежесіне (шәкіліне) сай экологиялық қатарлары аныкталды. Ертіс шалғындарының ылғалдану (дәрежесі) шәкілі 9-кестеде берілгендей деңгейде қалыптасқан.

Осы әдістемені басшылыққа алып, Ертіс шалғындарының әрқиылаймағындағы өсімдіктердің ылғалмен қамтамасыз етілу дәрежесі ширек ғасырға жуық межелдеме ішінде болған өзгерістері арқылы бағаланды.

## 9-кесте. Шалғындардың ылғалдану шәкілі.

Шәкіл	Ылғалдану дәрежесі
баспалдақтары	
31-39	күрғақ далалы
40-46	орташа далалы
47-52	далалы шалғынды (ылғалды далалы)
53-63	күрғақ шалғынды
64-76	ылғалды шалғынды
77-88	саз шалғынды
89-93	батпақты шалғынды
94-103	батпақты

Ертіс өзені шалғындарының әр аймағына берілген экологиялық бағалау жұмыстары оңтүстік және орта бөлігінің әрқайсысында екі шаруашылықтың, ал солтүстігінде бір шаруашылықтың мал азықтық жерлерінде жүргізілді (қар. 10-кесте).

Бұл жұмыстың нәтижелері шалғындардың Оңтүстік бөлігіндегі ылғалдану дәрежесі біршама төмен екендігін көрсетті. 10-кестеде көрсетілгендей зерттеу кезеңінің басы мен аяғында (1975 және 1999 жылдары) бір аумактағы мал азықтық жерлердің әртүрлі деңгейде ылғалдануы да аңгарылды. Егер 1975 жылы «Саты» ауылындағы шалғындардың ылғалдануы шәкіл бойынша 32-73 баспалдақ аралығында болса, 1999 сол жердің ылғалдану баспалдағы 39-60 аралығында ауытқыды. Нәтижесінде, алынған пішеннің шығымдылығы 1975 жылы гектарына 15 центнер болса, 1999 жылы 12 центнерді құрады. Ал енді осы шаруашылықтағы шалғындарда 1957 жылы 15 шақты мал азықтық жерлер тіркелсе, 1999 жылы сол шалғындардағы мал азықтық жерлердің саны не бары жетеу ғана болды. Бұл көрсеткіштер ширек ғасыр ішінде «Саты» ауылының шалғындарында өсімдіктер түрі азаю бағытында өзгергенін, сөйтіп мал азықтық жерлердің тозынқырап, жүдегей түскенін дәлелдейді.

Ал енді осы бөліктегі баска шаруашылық – «Бесқарағай» ауылындағы шалғындарда мал азықтық жерлерінің саны да, сапасы да өзгеріске түсे қоймаған. 10-кесте мәліметтерінен байқалғандай, ылғалдану баспалдақтары зерттеу кезеңдерінде бір деңгейде болуы (43-71 және 44-69) пішен шығымдылығының біркелкі (20 және 21 ц/га) қалыптасуына ықпал етті. Міне, сол себептен де жоғарыда аталған өзгерістердің болмауы

түсінікті жағдай. Эрине, ширек ғасыр ішінде барлық жылдардың ылғалдану дәрежелері бір қалыпты болды деген ойдан аулақпыз. Дегенмен де, 24 жылдық межелдеме аралығындағы мал азықтық жерлердің сипатына экологиялық тұрғыдан баға беру үшін атаулы өзгерістердің болмауы белгілі бір дәрежеде тұжырым жасауға мүмкіндік береді.

**10-кесте. Ертіс озені шалғындарының экологиялық бағасы.**

Шалғындар аймагы	Шаруашылық атауы	Өсімдітер түрлерінің саны	Ұлғаптық баспалдақтары		Пішін шығым дылдыры, ц/га	
			ауытқуы	орташа шамасы	ауытқуы	орташама
Оңтүстік Бөлігі	«Саты» шаруашы-ғы	15 7	32-73 39-60	51 43	3,4-39 0,4-28	15 12
Орта бөлігі	«Бескарагай» шаруашы-ғы	өзгермеген	43-71 44-69	55 56	6,4-34 6,8-31	20 21
	«Потанин» шаруашы-ғы	өзгермеген	71-83 59-81	72 61	32-37 26-32	36 27
	«Кенжекөл» шаруашы-ғы	өзгермеген	-	71 64	-	22 22
	«Тәжірибе» шаруашы-ғы	өзгермеген	-	67 64	-	20,5 17
Шалғындардың жалпы аймағы бойынша орташа көрсеткіштері			63	-	23	
			45		15,5	

*Ескерту: Алымында - 1975 жылдың, болімінде - 1999 жылдың көрсеткіштері берілген.*

Орта бөліктегі шалғындарда мал азықтық жерлердің өсімдіктер кұрамы мен саны жағынан 1975 жылдың көрсеткіштерін 1999 жылдың жағдайымен салыстырғанда, сондай айқын өзгерістер байқала қоймады. Алайда, бұл аймактағы «Потанин» шаруашылығында шалғындардың ылғалдану дәрежесі жоғары болғандықтан (71-83) пішен шығымдылығы 1975 жылды 36 ц/га болды, ал дәл осы шалғындарда 1999 жылғы ылғалдарыту процесінің әлсіздеу болғандығына сай ылғалдану баспалдағы да өте ауытқымалы (59-81), әрі төмендеу қалыптасуына байланысты пішен шығымдылығы (27 ц/га) біршама аздау болған жағдайы бар ( қар. 10-кесте).

Осындай шалғындарға экологиялық баға беру жұмысы кезінде Қазақтың мал азығын өндіру және жайылым ғылыми-зерттеу институтына қарасты Солтүстік-Шығыс бөлімшесінің базалық шаруашылығы болған «Кенжекөл» ауылдың шалғындарында жүргізілген болатын. Мұнда экологиялық бағалау жұмыстары шалғындардың әртүрлі факторлар ықпалына төзімділігін, биологиялық өнімділігін арттыру жолдарын зерттеу арқылы тиімді технологиялық шараларды белгілеу немесе анықтау істерімен жалғасты. 9-кестеден анғарғанымыздай мал азықтық жерлердің саны, пішен шығымдылығының деңгейі бірқалыпты, өзгермеген күйде қалғаны байқалды. Ал 1999 жылды осы жерлерге жайылған судың деңгейі жоғары жақтағы суқоймаларынан босатылған судың көлеміне сәйкес болды. Сөйтіп, бұл жылды ылғалдарытудың осы жердегі шалғындар аумағында біркелкі болмауы ылғалдану дәрежесін төмендettі. Дегенмен, мол өнімді биік өсетін өсімдіктер таралған жерлерде ылғалдың жеткілікті болуы «Кенжекөл» шалғындарының пішен шығымдылығын бұл жылды да 1975 жылдың деңгейімен пара-пар етті.

Ертіс өзені шалғындарының солтүстік бөлігіне қарай орналасқан зерттеу аймағы ретінде Павлодар ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының «Тәжірибе» шаруашылығының мал азық жерлері алынды. Мұнда да 1999 жылғы су жайылу қарқыны 1975 жылмен салыстырғанда сәл төмендеу деңгейде болды ( қар. 10-кесте). Мал азықтық жерлердің саны мен сапасы жағынан өзгерістер байқала қоймағанмен ылғалдану дәрежесінің арасындағы анғарылған азғана алшақтық орташа шамамен әр гектардан 3,5 центнердей пішенді аз алуға себепші болды. Су жайылу деңгейінің төмендігі бұрынғы батпақты жерлердің кәдімгі шабындыққа айналуына ықпал етті.

Қорыта келгенде, Ертіс орта өңірінің зерттелген шалғындары ширек ғасырлық мерзім ішінде ылғалдану сипатына сай құрғақ шалғынды дәрежеден далалы - шалғынды мал азықтық жерлерге айналғаны белгілі болды. Көрсетілген ширек ғасырға жуық мерзімнің аяғында Ертіс өзенінің көктемдегі тасу режимі, оның қарқыны мен ұзактығының өзгеруі шалғындарға қажетті ылғалдарыту деңгейін қамтамасыз ете алмау салдарынан пішен шығымдылығы да төмен болды.

Жоғарыда атап өткеніміздей, мал азығын өндіру және жайылым институтына қарасты Солтүстік-Шығыс бөлімшениң стационары болған «Кенжекөл» ауылындағы шалғындарда агробиологиялық зерттеу жұмыстары жүргізілді. Зерттеу мерзімдері аталған межелдеме аралығында әрқылы табиғи-климаттық жағдайларымен ерекшеленетін жылдарға түспалданды.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, зерттеу аймактары террасалық шалғындарды агробиологиялық тілде ұзак су жайылатын шалғындар деп атайды, орталық шалғындарды - орташа су жайылатындар деп, ал арналық шалғындар қысқа мерзім су жайылатын шалғындар аталып жур. Олардың ең басты айырмашылығы, аттарынан да аңғарылып тұрғандай, көктемдегі өзен тасуы кезінде судың жайылу екпіні мен ұзактығына байланысты.

Қысқа мерзім ғана су жайылатын шалғындарда 1973-1977 жылдар аралығындағы экологиялық күйімен салыстырғанда 1992-1993 жылдары әжептәуір өзгерістер болғаны байқалады. 11-кесте мәліметтеріне сүйенсек, сол 10 жыл аралығында осы шалғындарда кездесетін өсімдіктер саны 23-тен 9-ға дейін азайған.

**11-кесте. Шалғындардың пішен шығымдылығы мен өсімдік түрлерінің әрқиулылық көрсеткіштері.**

Шалғын түрлері	Зерттеу жылдары	Су жайылу ұзақтығы, тәулік	Пішен шығымдылығы, ц/га	Өсімдік түрлерінің саны
Қысқа мерзім су жайылатын	1973-1977	7	17,0	23
	1992	5	14,4	12
	1993	9	54,4	9
Орташа су жайылатын	1973-1977	14	27,0	33
	1992	19	41,4	27
	1993	18	61,3	15
	1973-1977	46	41,0	28
Ұзак мерзім су жайылатын	1992	112	--	--
	1993	70	49,8	9

Олардың ішінде астық тұқымдастар мен бұршақ тұқымдастардың үлесі басымдау болды ( қар. 11-кесте). Доминанттар ретінде су бетеге (15-25%), сары жонышқа (8-38%), кекшағыр жусан (3-12%).

Сонымен, 10 жыл бұрынғы жағдаймен салыстырғанда шалғындар құрамынан көркем қияқ өленнің тыс қалғаны байқалды, есесіне сары жонышқа мен шалғындық қоңырбастың дамуы күшейген. Еске сала отырсақ, 1992-1993 жылдардың жазы жаңбырлы болды, жылдық жауыншашын мөлшері көп жылдық орта шамадан 2-3есе көп болғаны мамандарға мәлім. Соның салдарынан, шалғындарда ылғал тапшылығы сезілмеді. Тіпті 1993 жылды пішен шығымдылығы 10 жыл бұрынғы деңгейден 3 еседен артық шамада болды (54,4 ц/га), бұл қысқа мерзім су жайылатын шалғындар үшін ерекше өнімділік саналады. Бірақ, сол 10жыл ішінде кездескен әрқиулы экологиялық қолайсыз жағдайлардың әсерінен өсімдік түрлерінің саны 2,5 есеге кеміген ( қар. 10-кесте).

Орташа су жайылагын шалғындар осы өнірдегі шаруашылықтардың негізгі шабындық көзі екендігі баршаға аян. Мұнда 1992-1993 жылдары су жайылуының ұзақтығы 10 жыл бұрынғы жағдайдан әлдеқайда өзгеше

болды, яғни 1973-1977 жылдар аралығында жайылған судың шалғындарға ылғалдарытуы 2 аптаға созылса, соңғы 2 жылда судың жайылу кезеңі 3 аптаға (18-19 тәулік) жақын болды (қар. 10-кесте). Атап өткеніміздей, осы 2 жылдың жаз айларындағы ағыл-тегіл жауған жаңбырмен ылғалдарыту процесінің пішен шығымдылығына (41-61 ц/га) ықпалы он нәтиже берді. Алайда, бұл шалғындарда да өсімдік түрлерінің саны бұдан 10 жыл бұрынғы күйімен салыстырғанда 2 есе азайғаны байқалды. Дегенменде, қысқа мерзім су жайылатын алқаптарға қарағанда бұл шалғындарда өсімдік түрлерінің сақталу сатысы деңгейі жоғары.

Өсімдіктер қабатында самсаған жусандардың құрт азайғаны, керісінше астық тұқымдастар мен қияқ өлендердің молайғаны аңғарылды (қар. 11-кесте). Өсімдіктер қабатының эдификатор - доминанттары ретінде жатаған бидайық (4-10%), ірі ақ суоты (10-11%), қамыс тәріздес айрауық (8-19%), қияқ доңызөлен (10-11%). Үлғал мол болған (1992- 1993) жылдары батпақты жерлерге құмар өсімдіктер қатарының көбейгені байқалды.

Ұзак мерзім су жайылатын шалғынды жерлердің экологиялық өзгерістері негізінен өсімдіктер қабатынан әрқиыт ұсақ өсімдіктер түрлерінің жойылуымен десек қателеспеспіз. Осы шалғындардағы 10 жыл бұрынғы 28 түрлі өсімдіктері бар жерде 1993 жылы небары 9-ақ түрі сақталғаны байқалды. Ал 1992 жылы тіпті 3,5 ай бойы шалғындардың суда тұруына байланысты агробиологиялық зерттеу есептерін жүргізу мүмкіндігі болмады (қар. 11- кесте). Бұл жағдайдың басты себебі, жоғарыда аталғандай соңғы 2 жылдың жауын-шашынды болуы еді. Сөйтіп, өзі ылғалы мол жерге толассыз жауған жаңбырдан соң, ол шалғындардың экологиялық сипаты кез-келген жаңға түсінікті болар. Мұндағы шалғындардың эдификатор-доминанттарының қатарында өсімдіктер қабатының тең жартысын «жаулап» алған көркем қияқ өлен (50%), кәдімгі қамыс, құрак, ірі ақ суоты сияқты өсімдіктердің басымдылығы айқын білінеді.

Соныменен, зерттеу жылдары қысқа мерзім су жайылатын шалғындарда мезофитизация, ал орташа су жайылатын шалғынды жерлерде гидрофитизация құбылыстарының байқалуы Ертіс өзені шалғындарының гидрологиялық режимі біршама қолайлы болғандығын дәлелдейді. Тек ұзак мерзім су жайылатын шалғындарда құнды мал азығы саналатын бытыранқы ақмамық, жатаған бидайық тәріздес өсімдіктердің өсуі мен дамуы тоқталғандай сипат алды. Сөз жоқ, өсімдік қауымдастығындағы түрлердің

өзгеруін гидрологиялық режимге байланысты уақытша синузия деп қараған дұрыс болар.

Баршамызға белгілі жайт, әртүрліліктің кемуі түрлер санының қысқаруы мен олардың жойылуы сиякты тізбекті реакцияларды туғызуы ықтимал. Міне, осыдан келіп түрлер құрамының өзгеруі экологиялық жүйелердің басты көрсеткіші саналады және орнықтылық деңгейінің бұзылуына себепкер деп нық айтуда болады.

Ертіс өңіріндегі экологиялық дағдарыска ұшыраған өсімдік – топырак қабатының бірі бұрынғы Семей ядролық сынақ полигоны мен оның төнірегіндегі аймақтарда екендігі бүгінгі күні баршаға аян.

Ботаникалы - географиялық аудандастырылуы бойынша бұл зонаның өсімдіктері екі кіші зонаға бөлінеді: каштан топырағында қалыптасқан қылқан боз селеулі – бетегелі далалар мен ашық – каштан топырағын жайлаған ермен жусанды -- боз көделі далалар. Мұнда өсімдік түрлерінің барша өкілдері кездеседі десек қателік болмас: далалық, бұталы, орман, шалғынды, шөлейтті өсімдіктер бар және олардың ауысымы тікелей қоршаған орта факторларына тәуелді.

**12-кесте Шалғындағы өсімдік түрлерінің саны мен ботаникалық құрамы.**

Шалғын түрлері	Зерттеу жылдары	Ботаникалық топтар				
		астық тұмымдастар	өлең шөптер	бұршақ тұқымдастар	жусандар	әртүрлі ұсак шөптер
Кысқа мерзім су жайылатын	1973-77	3	2	2	1	15
	1992	2	0	2	1	7
	1993	3	0	2	1	3
Орташа жайылатын	1973-77	4	2	4	0	23
	1992	4	3	3	1	16
	1993	4	2	3	0	5
Ұзак мерзім жайылатын	1973-77	5	3	0	0	10
	1992	--	--	--	--	--
	1993	3	2	0	0	4

Есімдіктер қауымдыстырының далалық түрлері негізінен жазықтарды, төбешіктер мен аласа таулардың жоталарын иемденген. Полигонның солтүстік - батыс жағына қарай, Павлодар облысының Ертіс өніріне қарасты далаларда *Stipa capillata*, *Festuca valesiaca*, *Aztemisia frigida*, *Cazadana pumila* сияқты өсімдіктердің доминанттылығы білінеді. Сондай-ақ, осы өнірге тиесілі полигонның солтүстік - шығыс және шығыс бөлігіндегі жазық далалар мен еңісті жазықтарда *Stipa sareptana*, *Festuca valesiaca*, *Aztemisia gracilescens* сияқты өсімдіктер доминанттар ретінде танылды. Бұталы өсімдіктер негізінен тобылғы мен қараған түрінде көп тараған. Шалғынды өсімдіктер өзендерді, құрғап қалған арналарды, жылғаларды, ойпаң жерлерді, сай-салаларды жағалай орналасқан.

Өсімдік -- топырақ қабатының радиоактивті заттармен ластану сипатын, олардың әртүрлі өсімдіктер бойына жиналу және миграциялану ерекшеліктерін зерттеу жұмыстары полигонның ядролық сынақтары жүргізілген басты алаңдардың бірі “Балапанда” орындалды.

Алаңдағы доминантты топырақ қабаты сол зонаға тән, ашық каштанды, сол сияқты сортанданған топырақтар да көптеп кездеседі. Өсімдіктер қабаты шәлейттенген жусанды - шымды астық тұқымдастар өкілдерінің қауымдастырын қамтиды.

Өсімдік – топырак қабатында радиоактивті заттармен ластану мен олардың миграциялану деңгейлерін анықтау үшін басты критерийлер ретінде радионуклидтердің өсімдіктер бойына өту ( $K_{\theta}$ ) және жиналу ( $K_{\chi}$ ) коэффиценттері алынды. Бұл көрсеткіштерді анықтау үшін топырақтың құрамындағы радионуклидтер мөлшері мен өсімдіктердің бойына жиналған сол радионуклидтердің шамасын табу жұмысы орындалды. Сол үшін арнайы әдістемелерге негізделген далалық – зертханалық эксперименталды талдамалар жасалды.

Топырак пен өсімдік үлгілері алынған жерлер жерастында ядролық сынақтар жүргізілген ұнғымалар төнірегі болатын. Әрине, бұл телімдер негізінен радиоактивті ластануға ұшыраған жерлер. Сол сияқты радиоактивті ластанған жасанды көлдердің маңайынан да үлгілер алынды.

Радиациялық талдамаға түскен өсімдік үлгілері, 13-кестеде көрсетілгендей, осы аймақта тән өсімдіктер қатары-бетеге, көде, жусан, тарлау қияқ, тарақ және жатаған бидайықтар, тобылғы және әртүрлі ұсақ шөптер болды. Өсімдіктерге радионуклидтердің өту және жиналу коэффиценттері әрқилы, әрі кең ауқымда ауытқытындығын көрсетті. Бұл жайт, экологиялық жүйе компоненттерінің біркелкі ластанбауына әрі радионуклидтердің миграциялану карқынының әрқилылығына, сонымен қатар өсімдік түрлерінің биологиялық ерекшеліктеріне байланысты екендігін көрсетті. 13-кестедегі мәліметтерге сүйенсек, радионуклидтердің ішінде стронций-90 өсімдіктерге көбірек өтіп, оның бойына молырак жиналатындығы байқалды. Бұл құбылыс стронций –90 радионуклидының басқа ұзақ мерзім жасайтын радионуклидтармен салыстырғанда ерігіштігі мен қозғалғыштығының жоғары дәрежеде болуымен түсіндіріледі. Айта кету керек, радионуклидтердің өсімдіктер бойына өтуі мен жиналуына желдің ықпалымен болған қайталай ластану құбылысының өзіндік әсер етуі болды. Ал өсімдік тамырлары арқылы топырақтан өсімдік бойына өту карқынына олардың тіршілік ету жасы, жапырак пен сабағы сияқты мүшелерінің құрылымдық ерекшеліктері белгілі бір дәрежеде ықпал етті.

Осы күрделі экологиялық жағдайдағы табиғи орта өсімдіктерінің кейбір морфобиологиялық көрсеткіштерін талдау арқылы зерттеу аймағының ластану деңгейін бағалауды мақсат тұттық. Зерттеу аймағына “Дегелен” таулы алқабындағы радиоактивті өте лас және орташа лас штолъялар төнірегі, “Атом” көлінің маңайы және радиоактивті

ластанбаған таза жерлер алынды. Осы аталған телімдердегі өсіп тұрған жінішке тарлау, сары жоңышқа қылқан боз, тарақша ерекекшөп және дала бетегесі сияқты өсімдіктерден алынған тұқымдарының (генеративті мүшесінің) морфобиологиялық көрсеткіштері анықталды ( қар. 14-кесте).

Әртүрлі деңгейде радиактивті заттармен ластанған аймақтардан жиналған тұқымдардың морфобиологиялық ерекшеліктері ретінде тұқымның ұзындығы мен 1000 тұқымның массасы сияқты көрсеткіштер алынды. Алынған мәліметтерге қарағанда астық тұқымдас өсімдіктердің тұқымдары радиоактивті ластанған жерлерде сәл ірірек, яғни тұрқы ұзындау, ал 1000 тұқымның массасы бақылау нүктесінен жиналған тұқымдардың көрсеткіштерінен салмақтырақ болды. Тек өте ластанған "Атом" көлінің маңайынан жиналған тарлау қияқ тұқымдарының пішіні қысқалау болып шықты, ал 1000 тұқымның массасы жоғарыда айтылған занұлық шеңберінде екендігін көрсетті, яғни радиоактивті заттармен ластана қоймаған бақылау аймағынан жиналған тұқымдардың массасы жеңілірек. Аталмыш құбылыс бұршақ тұқымдас өсімдіктердің репродукциялық қабілетінде байқалмады.

**13-кесте. Радионуклидтердің әртүрлі өсімдіктер бойына өту (К<sub>Ө</sub>) және жиналу (К<sub>Ж</sub>) коефиценттері**

Өсімдік түрлері	Cs - 137		Sz - 90		Pu - 239,240	
	K <sub>Ө</sub>	K <sub>Ж</sub>	K <sub>Ө</sub>	K <sub>Ж</sub>	K <sub>Ө</sub>	K <sub>Ж</sub>
Бетеге	<u>0,0071</u> 3	<u>0,0195</u> 3	<u>0,0016</u> 1	<u>0,2691</u> 1	<u>0,0001</u> 1	<u>0,0091</u> 1
Көде	<u>0,0028</u> 18	<u>0,3862</u> 18	<u>0,0645</u> 3	<u>0,4230</u> 3	<u>0,0006</u> 3	<u>0,0973</u> 3
Жусан	<u>0,0120</u> 10	<u>0,3279</u> 10	<u>0,0025</u> 1	<u>0,4041</u> 1	<u>0,0001</u> 1	<u>0,0150</u> 1
Тарлау қияқ	<u>0,0014</u> 1	<u>0,0229</u> 1	-	-	-	-
Тарақ бидайық	<u>0,0001</u> 1	<u>0,0018</u> 1	<u>0,0024</u> 1	<u>0,3943</u> 1	<u>0,0001</u> 1	<u>0,0026</u> 1
Жатаған бидайық	<u>0,1310</u> 3	<u>0,2210</u> 3	-	-	-	-
Тобылғы	<u>0,0500</u> 3	<u>0,0962</u> 3	<u>0,0327</u> 1	<u>0,6279</u> 1	-	-
Тұрлі ұсак шөптер	<u>0,0023</u> 70	<u>0,3669</u> 70	<u>0,0016</u> 6	<u>0,3125</u> 6	-	-

**Ескерту:** Алымында – коефиценттер берілген, бөлімінде – вариациялық қатар саны.

Сары жоңышқаның салыстырмалы таза аймақта жиналған тұқымдарының морфобиологиялық көрсеткіштері радиоактивті ластанған жерлерден жиналған тұқымдардың параметрлерінен сәл жоғарырақ болды (14- кесте). Дегенмен, астық тұқымдас өсімдіктердің масақтарында және жоңышқаның бүршактарында бос тұқымдардың (тұқымсыздықтың) көбірек болу жағдайы радиоактивті ластанған аймақтардан жиналған өсімдік тұқымдарында жиірек кездесті. Сонымен, радиоактивті ластану деңгейі әрқылы алқаптарда өсетін өсімдіктердің табиғи популяцияларындағы репродуктивтік ерекшеліктерді зерттеу көптеген радиоэкологиялық сұраптарға жауап табуға мүмкіндік туғызыарына көз жетті. Өйткені зерттеу жұмыстары жүргізілген аймақтардағы басқа экологиялық факторлар, әсіресе температуралық және ылғалдылық режимдері өсімдіктердің өсіп - дамуы үшін қолайлы деңгейде қалыптасқан.

**14-кесте. Өсімдік тұқымдарының морфобиологиялық көрсеткіштері.**

Өсімдік атауы	Зерттеу участкесі	Экспозициялық доза қуаты, мкР/саг	Тұқымның ұзындығы		1000 массасы		тұқымның
			M <sup>+</sup> .T	V	M <sup>+</sup> .T	V	
1	2	3	4	5	6	7	
<i>Leymus angustus - тарлау қияқ</i>	"Атом" көлі	3000	7,4 <sup>+</sup> 0,5	9,6	3,12 <sup>+</sup> 0,07	3,3	
	Шт-196	600	9,3 <sup>+</sup> 0,6	9,0	3,13 <sup>+</sup> 0,57	29,3	
	Шт-194	60	9,7 <sup>+</sup> 0,9	13,8	3,41 <sup>+</sup> 0,07	3,3	
	Бақылау нүктесі	15	8,2 <sup>+</sup> 0,7	11,7	2,37 <sup>+</sup> 0,15	9,9	
<i>Medicago falcata - сары жонышқа</i>	Шт-196	600	2,7 <sup>+</sup> 0,3	52,	1,18 <sup>+</sup> 0,05	6,1	
	Шт-195	30	2,6 <sup>+</sup> 0,2	12,3	1,10 <sup>+</sup> 0,19	7,3	
	Бақылау нүктесі	15	2,9 <sup>+</sup> 0,2	11,0	1,36 <sup>+</sup> 0,06	6,9	

1	2	3	4	5	6	7
<i>Festuca valesiaca</i> - <i>дала бетегей</i>	"Атом" көлі	3000	$3,8 \pm 0,2$	8,4	$0,69 \pm 0,04$	9,2
	Бақылау нүктесі	13	$3,5 \pm 0,3$	12,9	$0,45 \pm 0,02$	7,7
<i>Agropyron pectinatum</i> - <i>таракша ерекешен</i>	"Атом" көлі	2300	$6,5 \pm 0,6$	8,5	$2,29 \pm 0,05$	3,5
	Бақылау нүктесі	10	$5,4 \pm 2,8$	7,4	$1,84 \pm 0,03$	24
<i>Stipa capillata</i> - <i>қылқан боз</i>	"Атом" көлі	1850	$12,3 \pm 0,9$	10,2	$5,57 \pm 0,13$	3,6
	Бақылау нүктесі	10	$11,1 \pm 0,9$	10,7	$4,60 \pm 0,03$	0,9

## **Қорытынды**

1. Биосфераның динамикалық тұрақтылығы экологиялық жүйе компоненттерінің алуан түрлілігіне, үздіксіз функциялануына, экологиялық күystардың дамуына, популяция динамикасына, түрлердің төзімділігі мен бейімделуіне, сукцессия жиынтығына және т.б. қасиеттеріне тәуелді.
2. Тірі организмдердің биосферадағы функцияларының сипаты экологиялық факторлар әсеріне реакциясымен, әсіресе төзімділік пен бейімделушілік қабілеттерімен анықталады.
3. Экологиялық триадалар бірлігінің күші компоненттерінің тығыз байланыста болуы мен белсенді табиғи қарым-қатынастылығымен өлшенеді, сондай-ақ биогеохимиялық заттар мен энергияның алмасуы және өзгерімі экологиялық тепе-тендіктің сақталу шеңберінде шешілуден белгіленеді.
4. Қазіргі таңда су айналымы мен сапасының күрделенгендігі, тұшы су қорларының төмөндегені белгілі. Соған байланысты жергілікті су қорын пайдалануда экологиялық талаптардың орындалуы басты міндеттердің бірі.
5. Атмосфера қабатын экологиялық таза күйде ұсташа мақсатында көмірқышқыл газы мен басқа қоспалардың шамасын қауіпті мөлшерге жеткізбеу талабы бар. Жер бетінде жаңандық жылыштану мен озон қабатының жүдеушілік құбылыстарын болдырмау немесе азайту міндеттері бүгінгі өзекті маселелер.
6. Топырақ қабатының деградациясы трофикалық тізбектің әлсіреуіне әкеледі және үлкен экологиялық дағдарысты жағдайға жеткізеді.
7. Ертіс орта өңіріндегі экологиялық жағдайлар еліміздің ең ірі өзені Ертіс суының сапасына тікелей байланысты. Оның ауыр металдармен ластану динамикасы мен өзеннің әр бөлігіндегі судың химиялық құрамы анықталды. Зерттеу нәтижелері кейбір ауыр металдардың (темір, марганец, мырыш, мыс) өзен суындағы мөлшері шекті рауалы концентрациядан 2-5 есе артатындығын көрсетті, мұндай жағдай әсіресе көктеммен, яғни өзен суы тасыған кезеңмен түстас келді.
8. Гидробиологиялық көрсеткіштер арқылы Семей сынақ полигонындағы су көздерінің ластану денгейі бағаланды. Олардың

арасында белгілі бір дәрежеде байланыстылықтың бар екендігі айқындалды. Сондай-ақ, осы аймақтағы ауылдардағы ауыз судың сапасы да зерттеліп, темірдің мөлшері шекті рауалы концентрациядан көбірек екендігі дәлелденді. Сонымен бірге, Саты мен Малайсары ауылдарының ауыз суында сульфаттар мен хлоридтер концентрациясы артығырақ шамада екендігі байқалады.

9. Ертіс шалғындардың пішен шығымдылығы ылғалдану дәрежесіне тәуелділігі дәлелденді. Ширек ғасырлық межелдемеде ылғалдану сипатына сай шалғындардың өсімдіктер құрамында өзгерістер байқалып, күрғақ шалғынды категориядан далалы-шалғынды мал азықтық дәрежеге ауысты.

10. Семей полигоны аймағындағы өсімдік-топырақ қабатының радиоактивті заттармен ластану сипаты радионуклидтердің топырақтан өсімдікке өту және жиналу коэфиценттері арқылы бағаланды. Зерттеу нәтижелері стронций-90 радионуклидының топырақтан өсімдіктерге көбірек өтетіндігін көрсетті. Сондай-ақ, радиоактивті ластануы әрқылы аймактарда кейбір өсімдіктердің морфобиологиялық көрсеткіштерінде де айырмашылық болатыны байқалады.

11. Ертіс орта өніріндегі табиғи орта компоненттеріне экологиялық баға берудің алғашқы қадамдары қоршаған ортаның казіргі кезеңдегі ластануы күрделі екендігіне және жан-жақты терең зерттеудің қажеттілігіне көз жеткізді.

### **Пайдаланылған және ұсынылған әдебиттер:**

1. Агесс П. Ключи к экологии.–Л.: Гидрометиоиздат, 1982.–97с.
2. Ақбасова А.Ж., Саинова Г.Ә. Экология. Жоғары оқу орындарына арналған оқу қуралы. – Алматы «Бастау» баспасы. –2003. – 292 бет.
3. Акимова Т.А. Экология: Учебник для вузов / Т.А.Акимова, В.В.Хаскин. – М.: ЮНИТИ, 1998. – 455с.
4. Бейсенова А.С. Экология. Алматы: Фылым, 2002, - 373с.
5. Бродский А.К. Краткий курс общей экологии: Учебное пособие. – СПБ.: ДЕАН, 1999. – 224с.
6. Вронский В.А. Прикладная экология: Учебное пособие. – Ростов-на-Дону: Феникс, 1996. – 512с.
7. Гирузов Э.В. Экология и экономика природопользования / Э.В.Гирузов, С.Н.Бобылев, А. Л. Новоселов, Н.В.Чепурных. – М.: ЮНИТИ, 1998. – 455с.
8. Горелов А.А. Экология. – М.. Центр, 1998. – 240с.
9. Дажо Р. Основы экологии. – М.. Прогресс, 1975. – 415с.
10. Кормилицин В.И. Основы экологии / В.И. Кормилицин, М.С. Цицкишвили, Ю.И. Яламов. – М.: МПУ, 1997. – 368с.
11. Одум Ю. Экология: В 2-х т. – М.: Мир, 1986. – 328с.
12. Петров К.М. Общая экология. Взаимодействие общества и природы. – СПб.: Химия, 1998. – 352с.
13. Радкевич В.А. Экология: Учебник. – Минск: Высшая школа, 1998. – 159с.
14. Реймерс Н.Ф. экология (теория, законы, правила, принципы и гипотезы). – М.; Россия молодая, 1994.- 367с.
15. Реймерс Н.Ф. Природопользование: Словарь-справочник. – М.: Мысль, 1990. – 637с.
16. Реймерс Н.Ф. Словарь терминов и понятий, связанных с охраной живой природы / Н.Ф.Реймерс., А.В. Яблоков. – М.: Наука, 1982. – 144с.
17. Риклефс Р. Основы общей экологии.- М.: Мир, 1979. – 310с.
18. Төлеубаев Б.Ә. Ядролық тарихы бар табиғи орта экологиясы: Оқу қуралы. – Курчатов, 2001, -144 бет.

- 19.** Тулеубаев Б.А. Экология лугов и пастбищ Прииртышья. Павлодар, 2000 ж. с
- 20.** Тулеубаев Б.А., Сейсебаев А.Т. Основы радиационной экологии и безопасности. Учебное пособие – Павлодар, 2003.- 110 с.
- 21.** Тулеубаев Б.А, Глазырин А.И., Хамзина.Ш.Ш. и др. Краткий курс инженерной экологии. Учебное пособие.- Павлодар, НПФ «ЭКО», 2003-136 с.
- 22.** Христофорова Н.К. Основы экологии:Учебник для биол.и экол. факультетов университетов.- Владивасток: Дальнаука, 1999.- 516 с.
- 23.** Чернова Н.М. Основы экологии: Учебник для общеобразов. учеб. заведений / Н.М.Чернова, В.М.Галушин, В.М. Константинов –М: Издания Дом «Дрофа», 1999.-287с
- 24.** Шилов И.А. Экология. – М.: Высшая школа, 1998. – 511 с.

1-көсімшә. Әлемдік су корларының көрсеткіштері.  
(Кормилицин және т.б. 1997)

р/с	Сулы орталар	Сандық көрсеткіштері
1	Әлемдік мұхиттар	96,5
2	Мұздықтар мен мәңгі жатқан карлар	1,74
3	Жерасты сулары	1,70
4	Оның ішінде, жерасты тұщы сулары	0,76
5	Жерасты мұздықтар	0,022
6	Көл сулары (тұщы және тұзды)	0,013
7	Топырак ылғалдылығы	0,001
8	Атмосфера құрамындағы сулар	0,001
9	Батпакты-шалшық сулар	0,0008
10	Өзен сулары	0,0002
11	Тірі организм бойындағы сулар	0,0001

2-көсімшә. Су экожүйесінің орташа өнімділігіне салыстырмалы баға беру. (Сытник т.б. 1987).

Экожүйелер	Биомасса, кг/м <sup>2</sup>	Жылдық өнімділігі, г/м <sup>2</sup>
Апвеллинг биомдары	0,02	500
Ашық мұхиттар	0,003	125
Континентальды кайран	0,01	360
Эстуариялар	1,0	1500
Жалың теніз экожүйесі	0,01	152
Көлдер мен суағындары	0,02	250

**3- косымша. Элемдегі ірі өзендердің сипаттамасы.**  
 (Көрмілдік және т.б. 1997)

Өзендер	Ұзындығы, (км)	Млн. км <sup>2</sup>	М <sup>3</sup> \с	Континент
1.Амазонка (Маранванимен)	6437	6,915	200000	Оңтүстік Америка
2.Миссисипи (Миссури)	5971	3,268	18000	Солтүстік Америка
3.Ніл	6670	2,870	3000	Африка
4.Янзы	5800	1,808	34000	Азия
5.Объ Іртіспен	5410	2,990	12800	Азия
6.Хуанхе	4845	0,771	1500	Азия
7.Меконг	4500	0,810	14800	Азия
8.Амур	4440	1,855	10900	Азия
9.Лена	4400	2,490	16800	Азия
10.Конго	4370	3,820	41000	Африка

**4-кесымша. Атмосфера күрылымы.**

<b>Күрылым компоненттері</b>	<b>Биіктігі (шакырым)</b>
Тропосфера	0-15
Стратосфера	45-50
Мезосфера	80-85
Термосфера	300-500
Ионосфера	500-900
Экзосфера (ашық ғарыш)	1000-нан жоғары

**5-кесымша. Топырактағы организмдердің биомассасы.**

<b>Тірі организмдер</b>	<b>Сандык көрсеткіштер, кг/га</b>
Бактериялар (бытыраныктар)	1000-7000
Микроскопиялық санырауқұлактар	100-1000
Балдырлар	100-300
Карапайымдар	300-ден артық
Бұынаяктылар	1000
Жауын күргітартары (шұбалишан)	350-1000

**6-көсімша. Биосфера компоненттері мен тірі организмдердің мүмкіндіктері.**

Биосфера компоненттері	Орындалу мерзімі	Тірі организмдер	Мекендеу мерзімі
1	2	3	4
Судын фотохимиялық ыдырауы	5-бмлн. жыл	Құстар (тауыктар)	18жыл
Гидросферадағы судын алмасуы	2800жыл	Сүткоректілер (егеуқүйрықтар)	8жыл
Атмосферадағы оттегінің ауысуы	2000жыл	Балыктар	2жыл
Атмосферадағы көмір қышқыл газының ауысуы	6,3жыл	Гүлді өсімдіктер	11жыл
Биосферадағы тірі организмдердің езгеруі	8жыл	Бұнақденелілер	1жыл
Мұхиттағы тірі организмдердің езгеруі	33күн	Балдырлар	24,5тәулік
Фитопланктонда рдың өзгеруі	24сағат	Бактериялар (бытыранықтар)	1,8тәулік